ҚР аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,6- 4,9 Бк/м² шегінде болды. ҚР аумағында радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,2 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



6 Сур. Қазақстан Республикасы бойыша топырақ жай-күйіне бақылау жасайтын елді мекендердің сызбасы



7 сур. Қазақстан Республикасының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулерге бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

1 Ақмола облысының қоршаған орта жай-күйі


1.1 Астана қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 10 стационарлық бекетте жүргізілді (1.1-сур., 1.1-кесте).

1.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет номері	Алу мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекеттің мекен-жайы	Анықталатын қоспа
1	Тәулігіне 3 рет	қолмен сынама алу (дискретті әдістері)	Жамбыл к-сі, 11	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, азот диоксиді, фторлы сутек
2			Республика даңғылы, 35 (№3 мектеп)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, азот диоксиді, фторлы сутек
3			Телжан Шонанұлы, 47 (лесозавод ауданы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, азот диоксиді, фторлы сутек, көміртек оксиді
4			«Шапагат» базары, Уәлиханов к-сі, Бөгенбай батыр даңғылының бұрышы	
5	Әр 20 минут	үздіксіз режимде	Тұран даңғылы, 2/1 (орталық құтқару станциясы).	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді.
6			Ақжол к-сі, («Астана Тазалық» ағынды сулардың шоғырлану ауданы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді.
7			Түркістан к-сі, 2/1 (ФИМ ауданы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді.
8			Сарыарқа ауданы, Көктал-1, Бабатайұлы к-сі, 24 үй Ә. Марғұлан ат. № 40 орта мектеп	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді.
9			Алматы ауданы, Ә. Сұлтан мешіті, А. Байтұрсынов к-сі, 25 № 72 мектеп-лицей	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді.
10			Алматы ауданы, Қ. Мұнайтпасов к-сі, 13, Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді.



1.1-сурет. Астана қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2018 жылда стационарлық бақылау бекетінің деректері бойынша (1.1-сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, АЛИ=7 (жоғары деңгей). СИ=17 тең мәнді көрсетті (өте жоғарғы деңгей) – **фторлы сутегі** бойынша (№1-бекет аумағында).

БҚ 52.04.667-2005 сәйкес, СИ>10 болса, ең болмаса біреуі бақылау мерзімінен СИ 10-нан көп болған кезде, ЕЖҚ орнына күндер саны анықталады.

2018 жылдың 23 қаңтарында № 1 автоматты бекетінің деректері бойынша ЖЛ-дың 1 жағдайы (17,2 ШЖШ) фторлы сутегі бойынша анықталды (1-кесте).

2018 жылдың 23 мамырында № 2 автоматты бекетінің деректері бойынша ЖЛ-дың 1 жағдайы (12,6 ШЖШ) қалқыма бөлшектері (шаң) бойынша анықталды (1-кесте).

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) орташа шоғыры 2,1 ШЖШ_{о.т.}, азот диоксиді – 1,3 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластанушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Фторлы сутегінің максималды бір реттік шоғырлары 17,15 ШЖШ_{м.б.}, қалқыма бөлшектері (шаң) – 12,6 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 8,40 ШЖШ_{м.б.}, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 5,50 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 3,26 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 2,58 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 2,31 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 1,65 ШЖШ_{м.б.} (1-кесте).

1.2 Астана қаласының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауа жай-күйі

Астана қаласының атмосфералық ауаның ластануына бақылау 8 нүктеде (№1 нүкте – «Зеленый квартал» ТК («Хан Шатыр» ОСО), №2 нүкте – №2 Қалалық аурухана (ЭКСПО ауданы), №3 нүкте – Ұлттық мұражай (Пирамида ауданы) №4 нүкте – «Алатау» СК (Евразия

ауданы); №5 нүкте – №2 Қалалық балалар ауруханасы (Встреча ауданы); №6 нүкте – Оқушылар сарайы (13 магистралінің ауданы); №7 нүкте – «Алау» СК; №8 нүкте – №24 Орта мектеп (ЭКСПО ауданы, әуежай жағына қарай) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, фторлы сутегінің шоғырлары өлшенді.

Максималды-бірлік шоғырлары қалқыма бөлшектер (шаң) бойынша – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 2,8 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,0 және 2,2 ШЖШ_{м.б.}, фторлы сутегі – 7,1 ШЖШ_{м.б.}, бақылау деректері бойынша, басқа ластаушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады (1.2-кесте, 1.3-кесте).

1.2 -кесте

Астана қаласының бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максимальды шоғыры

Анықталатын қоспалар	№1 нүкте		№2 нүкте		№3 нүкте		№4 нүкте	
	Q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	Q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	Q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	Q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектері (шаң)	0,50	1,00	0,39	0,78	0,14	0,28	0,06	0,12
Күкірт диоксиді	1,420	2,84	0,010	0,02	0,020	0,04	0,010	0,02
Көміртегі оксиді	11,10	2,22	3,71	0,74	3,71	0,74	2,50	0,50
Азот диоксиді	0,16	0,80	0,16	0,80	0,09	0,45	0,09	0,45
Фторлы сутегі	0,141	7,05	0,001	0,05	0,001	0,05	0,001	0,05


Анықталатын қоспалар	№1 нүкте		№2 нүкте		№3 нүкте		№4 нүкте	
	Q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	Q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	Q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	Q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектері (шаң)	0,06	0,12	0,04	0,08	0,44	0,88	0,30	0,60
Күкірт диоксиді	0,013	0,03	0,010	0,02	0,043	0,09	0,027	0,05
Көміртегі оксиді	3,71	0,74	3,71	0,74	5,10	1,02	4,60	0,92
Азот диоксиді	0,16	0,80	0,09	0,45	0,16	0,80	0,09	0,45
Фторлы сутегі	0,001	0,05	0,001	0,05	0,002	0,10	0,009	0,45

1.3 Көкшетау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Көкшетау қаласында атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (1.2-сур., 1.4-кесте).

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	ескі әуежай, метеостансаның ауданы	қалқыма заттар, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді мен диоксиді
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Әуелбеков көшесі, 124	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді



1.2 сур. Көкшетау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (1.3-сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмеңгі** болып бағаланды, АЛИ=4. СИ=4 және ЕЖҚ=0% құрады.

Жалпы қала бойынша орташа шоғырлар азот оксиді – 1,7 ШЖШ_{0.т.}, басқа ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды бірлік шоғырлар азот диоксиді бойынша – 3,5 ШЖШ_{м.б.}, қалқыма бөлшектер (шаң) – 2,8 ШЖШ_{м.б.} және азот оксиді – 1,3 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


1.4 Степногор қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Степногор қаласында атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (1.3-сур., 1.5-кесте).

1.5- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	1 шағынаудан	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, аммиак



1.3 сур. Степногор қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (1.3-сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды АЛИ=3. СИ мәні 1, ЕЖҚ=0% құрады (1.2 - сур.).

Озон бойынша орташа шоғырлар 1,65 ШЖШ_{от.}, басқа ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Жалпы қала бойынша барлық ластаушы заттардың максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

1.5 Ақмола облысы эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауа жай-күйі

Ақмола облысында атмосфералық ауаның ластануына бақылау Зеренді ауылда 2 нүктеде жүргізілді Калачи ауылда (1 нүкте – мектеп аумағында, 2 нүкте – ескі гидропост ауданы), (1 нүкте – Зеренді МС, 2 нүкте – Синильга қонақ үйі ауданы), Атбасар қалада (1 нүкте – Атбасар МС, 2 нүкте – Атбасар қонақ үйі ауданы).

1.5 кесте

**Ақмола облысы Калачи ауылының эпизодтық бақылау мәліметі бойынша
ластаушы заттардың максималды шоғыры**

Өлшенген заттар	1 нүкте		2 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m ПДК	q _m мг/м ³	q _m ПДК
Аммиак	0,1092	0,5462	0,0556	0,2780
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,0657	0,1314	0,0906	0,1812
Азот диоксиді	0,0213	0,1067	0,0538	0,2692
Күкірт диоксиді	0,0075	0,0150	0,0084	0,0169
Азот оксиді	0,0364	0,0910	0,0355	0,0887
Көміртек оксиді	3,4421	0,6884	2,6799	0,5360
Көмірсутектер	53,0500		52,7200	
Формальдегид	0	0	0	0

**Ақмола облысы Зеренді ауылының эпизодтық бақылау мәліметі бойынша
ластаушы заттардың максималды шоғыры**

Өлшенген заттар	1 нүкте		2 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m ПДК	q _m мг/м ³	q _m ПДК
Аммиак	0,1689	0,8443	0,0996	0,4979
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,0739	0,1479	0,0797	0,1594
Азот диоксиді	0,0453	0,2267	0,0453	0,2267
Күкірт диоксиді	0,0097	0,0194	0,0321	0,0642
Азот оксиді	0,1100	0,2751	0,0997	0,2492
Көміртек оксиді	3,5120	0,7024	3,7405	0,7481
Көмірсутектер	47,8800		50,2640	
Формальдегид	0,0085	0,1690	0,0046	0,0912

**Ақмола облысы Атбасар ауылының эпизодтық бақылау мәліметі бойынша
ластаушы заттардың максималды шоғыры**

Өлшенген заттар	1 нүкте		2 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m ПДК	q _m мг/м ³	q _m ПДК
Аммиак	0,0884	0,4418	0,0133	0,0665

Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,1322	0,2644	0,0711	0,1422
Азот диоксиді	0,0265	0,1326	0,0564	0,2819
Күкірт диоксиді	0,0100	0,0201	0,0088	0,0177
Азот оксиді	0,0615	0,1539	0,0620	0,1551
Көміртек оксиді	3,1030	0,6206	1,6085	0,3217
Көмірсутектер	51,6520		37,9420	
Формальдегид	0,0039	0,0782	0,0039	0,0776


1.6 Щучинск-Бурабай курорттық аймағы (ЩБКА) ауданындағы атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

ЩБКА аумағында атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 5 стационарлық бекетте жүргізілді (1.8сур.,1.6-кесте).

1.6- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмері	Іріктеу уақыты	Бақылау жүргізу	Бекеттердің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	Автоматты түрде	Кешенді фондық мониторинг станциясы (КФМС) «Боровое»	Қалқыма бөлшектер РМ-2,5, қалқыма бөлшектер РМ-10, күкіртті диоксиді, көміртекоксиді, азот оксидіжәнедиоксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак, көміртегідиоксиді
2			Бурабай ауылы, Кенесары, 25 көшесі, (С.Сейфуллин мектебі аумағы)	
3			Щучинский санаторий кенті, санаторий«Щучинск»ЖШС аумағында	
4			«Щучинск» МС, Минская 22 көшесі	
5			Шоссейная көшесі, №171	Қалқыма бөлшектер РМ-2,5, Қалқыма бөлшектер РМ-10, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, диоксиді және азот оксиді, озон (жербеті), күкіртсутегі, аммиак



1.4 сур. ЩБКА ауданында атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Боровое КФМС атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (1.9-сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі *төмен* болып бағаланды АЛИ=1. СИ=1 және ЕЖҚ=0% құрады (1.2 сур.).

Жалпы территория бойынша РМ-2,5 қалқыма бөлшектерінің орташа айлық шоғыры 1,4 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Жалпы территория бойынша барлық ластаушы заттардың максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Щучинск-Бурабай курорттық аймақ (ЩБКА) атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (1.4сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі *төмен* болып бағаланды АЛИ=1. СИ=1 және ЕЖҚ=0% құрады(1-кесте).

Жалпы территория бойынша озонның орташа айлық шоғыры 1,4 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

РМ-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды бір реттік шоғыры 1,4 ШЖШ, РМ-10 қалқыма бөлшектері-1,4 ШЖШ, басқа ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

1.7 Ақмола облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына 4 метеостанцияларда (Астана, Щучинск, «Боровое» КФМС, Бурабай) алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді.

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Жауын-шашын сынамаларында хлоридтер 21,28 %, сульфаттар 2,71 %, гидрокарбонаттар 13,87 %, кальций иондары 12,82 %, натрий иондары 10,74 %, калий иондары 9,50 %.

Ең үлкен жалпы минерализация Астана МС – 47,20 мг/л, ең азы «Боровое» КФМС – 14,48 мг/л.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электрөткізгіштігі 12,98 мкМс/см-ден («Боровое» КФМС) 60,78 мкМс/см (Астана МС).

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы 3,47 (Щучинск МС) – 4,06 (Астана МС) аралығында болды.

1.8 Ақмола облысының аумағындағы 2017-2018 жж. қар жамылғысының химиялық құрамы

Қар жамылғысының химиялық құрамын бақылау Астана, Атбасар, Көкшетау, Щучинск, «Боровое» КМФС метеостанцияларында (МС) жүргізілді (1.5-сур.).

Қар жамылғысынан алынған сынамада анықталатын барлық ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады.

Қар жамылғысы сынамасында сульфаттар 19,1 %, гидрокарбонаттар 21,31 %, хлоридтер 19,82 %, нитрат иондары 6,09 %, кальций иондары 18,25 %, және натрий иондары 9,30 % басым болды.

Ең жоғарғы минералдылығы Астана МС – 73,6 мг/л, ең аз Щучинск МС – 7,40 мг/л тіркелді.

Қар жамылғысының үлесті электр өткізгіштігі 20,6 (Щучинск МС) – 82,9 мкСм/см (Астана МС) аралығында болды.

Жауған қардың қышқылдылығы 4,90 (Бурабай МС) – 7,23 (Астана МС) шегінде болды.



1.5 сур. Ақмола облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

1.9 Ақмола облысы аумағындағы жер үсті суспасы

Ақмола облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 26 нүсанында (Есіл, Нұра, Ақбұлақ, Сарыбұлақ, Қылшықты, Шағалалы, Бетті бұлақ, Жабай, Сілеті, Ақсу өзендері, Нұра-Есіл арнасы, Вячеславское су қоймасы, Сұлтанкелді, Қопа, Зеренді, Бурабай, Үлкен Шабақты, Кіші Шабақты, Щучье, Карасье, Сұлукөл, Жүкей, Текекөл, Қатаркөл, Майбалық, Лебяжье көлдері).

Есіл өзені Қарағанды облысындағы Нияз тауларынан бастау алады. Сарыбұлақ, Ақбұлақ өзендері – Есіл өзенінің оң жақ салалары. Есіл өзенінде Вячеславское су қоймасы орналасқан. Сұлтанкелді көлі Қорғалжын қорығының бір көлі болып саналады. Қопа және Зеренді көлдері Есіл өзені бассейніне кіреді. Бурабай, Үлкен Шабақты, Кіші Шабақты, Щучье, Карасье, Сұлукөл көлдері Щучинск-Бурабай курорттық аймағы (ЩБКА) аумағында орналасқан.

Есіл өзені суының температурасы 0-25,8°С аралығында болды, сутегі көрсеткіші – 8,14, судағы еріген оттегінің шоғыры – 10,05 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,86 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 1,3 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+) – 1,3 ШЖШ, мыс (2+) – 2,4 ШЖШ, марганец (2+) – 1,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Ақбұлақ өзенінде су температурасы 0-24,5°С аралығында болды, сутегі көрсеткіші – 7,62, судағы еріген оттегінің шоғыры – 8,18 мг/дм³, ОБТ₅ – 3,21 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 4,7 ШЖШ, хлоридтер – 2,2 ШЖШ, магний – 1,8 ШЖШ, кальций – 1,6 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 7,2 ШЖШ, нитритті азот – 1,9 ШЖШ, фторидтер – 5,1 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+) – 1,5 ШЖШ, мыс (2+) – 1,6 ШЖШ) бойынша нормадан асуы байқалды.

Сарыбұлақ өзенінде су температурасы 0-24°C аралығында болды, сутегі көрсеткіші – 7,71, судағы еріген оттегінің шоғыры – 7,69 мг/дм³, ОБТ₅ – 3,34 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 6,1 ШЖШ, хлоридтер – 1,7 ШЖШ, магний – 2,1 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 5,7 ШЖШ, фторидтер – 1,3 ШЖШ, нитритті азот – 2,3 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+) – 2,5 ШЖШ, мыс (2+) – 1,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Нұра өзенінде су температурасы 0-27,4°C болды, сутегі көрсеткіші – 8,03 судағы еріген оттегі шамасы – 8,45 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,81 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 2,4 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 2,9 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды.

Нұра-Есіл арнасы суының температурасы 0-24,7°C болды, сутегі көрсеткіші – 8,03, судағы еріген оттегі шамасы – 7,20 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,32 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 4,5 ШЖШ, магний – 1,5 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 2,5 ШЖШ, нитритті азот – 1,6 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 2,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды.

Вячеславское су қоймасында су температурасы 0-26°C болды, сутегі көрсеткіші – 8,16, судағы еріген оттегінің шоғыры – 11,60 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,30 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) – 2,4 ШЖШ, мырыш(2+) – 1,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шамадан асқандығы тіркелді.

Сұлтанкелді көлінде суының температурасы 0-28°C, сутегі көрсеткіші – 8,33, судағы еріген оттегінің шоғыры – 8,64 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,96 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 3,2 ШЖШ, магний – 1,5 ШЖШ, хлоридтер – 1,2 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 1,4 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Жабай өзені суының температурасы 0-23,0°C, сутегі көрсеткіші 8,08, судағы еріген оттегінің шоғыры – 8,90 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,11 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 1,5 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот-2,3 ШЖШ, тұзды аммоний – 1,5 ШЖШ, жалпы темір- 3,4 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 14,1 ШЖШ) бойынша нормадан асқан.

Қылшықты өзені суының температурасы 0-23,2°C, сутегі көрсеткіші 7,83, судағы еріген оттегінің шоғыры – 6,82 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,82 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір - 5,3 ШЖШ, фторидтер – 1,9 ШЖШ, тұзды аммоний – 2,8 ШЖШ), ауыр металдар (марганец(2+) – 209,5 ШЖШ) бойынша нормадан асқан.

Шағалалы өзені суының температурасы 0-22,8°C, сутегі көрсеткіші 7,95, судағы еріген оттегінің шоғыры – 8,87 мг /дм³, ОБТ₅ – 1,69 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір – 1,5 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 63,4 ШЖШ) бойынша нормадан асқан.

Сілеті өзені суының температурасы 0-26,0°C, сутегі көрсеткіші 8,41, судағы еріген оттегінің шоғыры – 11,16 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,07 мг/дм³. Ауыр металдар (марганец(2+) – 4,8 ШЖШ) бойынша нормадан асқан.

Аксу өзені суының температурасы 0-26,0 °C, сутегі көрсеткіші – 8,26, судағы еріген оттегінің шоғыры 8,43 мг/дм³, ОБТ₅ – 3,76 мг/дм³. Негізгі иондар (хлоридтер – 3,1 ШЖШ, сульфаттар – 7,9 ШЖШ, магний – 2,7 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір- 1,9 ШЖШ, тұзды аммоний – 1,2 ШЖШ, фторидтер – 1,2 ШЖШ), ауыр

металдар (марганец (2+)– 49,0 ШЖШ, мыс (2+)– 1,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Қопа көлінде суының температурасы 0-24,2°C, сутегі көрсеткіші 8,25, судағы еріген оттегінің шоғыры – 9,64 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,68 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 1,6 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 5,9 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Зеренді көлі суының температурасы 0-22,2°C, сутегі көрсеткіші 8,45, судағы еріген оттегінің шоғыры – 10,90 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,25 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 1,2 ШЖШ, магний – 1,5 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер – 3,5 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 3,2 ШЖШ).

Беттібұлақ өзені- су температурасы 0-19,8°C, сутегі көрсеткіші 7,54, судағы еріген оттегінің шоғыры – 10,30 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,51 мг/дм³. Биогенді заттар (фторидтер – 1,2 ШЖШ, жалпы темір – 1,6 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 2,7 ШЖШ) бойынша нормадан асқан.

Бурабай көлі – су температурасы 0-22,6°C, сутегі көрсеткіші 8,00, судағы еріген оттегінің шоғыры – 8,59 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,22 мг/дм³. Биогенді заттар (фторидтер – 4,1 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 3,6 ШЖШ) бойынша нормадан асуы байқалды.

Үлкен Шабакты көлінде су температурасы 0-23,0°C, сутегі көрсеткіші 8,76, судағы еріген оттегінің шоғыры – 9,04 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,07 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 2,8 ШЖШ, магний – 2,2 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер – 17,5 ШЖШ), ауыр металдар (марганец(2+)– 1,6 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Щучье көлінде су температурасы 0-22,4 °C, сутегі көрсеткіші 8,30, судағы еріген оттегінің шоғыры – 8,99 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,93 мг/дм³. Биогенді заттар (фторидтер – 8,0 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+)– 2,0 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Кіші Шабакты көлі суының температурасы 0-23,2 °C, сутегі көрсеткіші – 8,76, судағы еріген оттегінің шоғыры – 9,02 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,25 мг/дм³. Негізгі иондар (хлоридтер – 6,1 ШЖШ, сульфаттар – 12,4 ШЖШ, магний – 10,0 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер – 16,1 ШЖШ, тұзды аммоний– 1,6 ШЖШ), ауыр металдар (марганец(2+)– 5,0 ШЖШ, мыс (2+)– 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Карасье көліндегі су температурасы 0-22,1°C, сутегі көрсеткіші 7,77, судағы еріген оттегінің шоғыры – 8,41 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,89 мг/дм³. Биогенді заттар (фторидтер – 3,1 ШЖШ, жалпы темір – 1,1 ШЖШ, тұзды аммоний – 9,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалған.

Сұлуқөл көлінде су температурасы 0-23,2°C, сутегі көрсеткіші 7,27, судағы еріген оттегінің шоғыры 6,84 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,00 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір – 7,3 ШЖШ, тұзды аммоний – 2,3 ШЖШ, фторидтер – 4,6 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар - 1,1 ШЖШ) бойынша нормадан асқан.

Жүкей көлінде су температурасы 0-23,3 °C, сутегі көрсеткіші – 8,90, судағы еріген оттегінің шоғыры – 8,14 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,19 мг/дм³. Негізгі иондар (хлоридтер – 4,6 ШЖШ, сульфаттар – 13,7 ШЖШ, магний - 8,2 ШЖШ), биогенді

заттар (фторидтер - 3,9 ШЖШ, тұзды аммоний – 3,4 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+)– 3,9 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Қатаркөл көлінде суының температурасы 9,4-21,8 °С, сутегі көрсеткіші – 9,04, судағы еріген оттегінің шоғыры – 7,88 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,98 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 1,3 ШЖШ, магний – 1,8 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер – 11,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Текекөл көлінде суының температурасы 8,0-22,0 °С, сутегі көрсеткіші – 8,96, судағы еріген оттегінің шоғыры – 8,70 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,31 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 1,4 ШЖШ, магний – 2,1 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер – 12,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Майбалық көлінде суының температурасы 9,0- 24,0 °С, сутегі көрсеткіші – 8,72, судағы еріген оттегінің шоғыры – 4,29 мг/дм³, ОБТ₅ – 3,57 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 45,2 ШЖШ, магний – 40,5 ШЖШ, хлоридтер – 43,1 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер – 6,7 ШЖШ, жалпы темір- 1,5 ШЖШ, нитритті азот – 2,2 ШЖШ, тұзды аммоний – 2,8 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)– 1,7 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар-1,1 ШЖШ) бойынша нормадан асқан.

Лебяжье көлінде суының температурасы 12,5-24,0 °С, сутегі көрсеткіші – 7,17, судағы еріген оттегінің шоғыры – 7,25 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,44 мг/дм³. Биогенді заттар (фторидтер – 4,7 ШЖШ, жалпы темір - 3,9 ШЖШ, нитритті азот – 1,4 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар - 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Ақмола облысы су нысандарының су сапасы келесі түрде бағаланады: *«ластанудың орташа деңгейіндегі»* су – Есіл, Ақбұлақ, Сарыбұлақ, Нұра, Беттібұлақ өзендері, Сұлтанкелді, Зеренді, Сұлукөл, Лебяжье көлдері, Нұра-Есіл арнасы, Вячеславка су қоймасы; *«ластанудың жоғары деңгейіндегі»* су – Сілеті, Жабай өзендері, Қопа, Бурабай, Үлкен Шабакты, Щучье, Карасье, Кіші Шабакты, Жүкей, Қатаркөл, Текекөл көлдері; *«ластанудың өте жоғары деңгейі»* - Қылшықты, Шағалалы, Ақсу өзендері, Майбалық көлі.

2017 жылмен салыстырғанда су сапасы - Қопа, Бурабай, Қатаркөл, Текекөл көлдері нашарлаған; Сарыбұлақ өзені, Лебяжье көлі- жақсарған; Есіл, Ақбұлақ, Нұра, Беттібұлақ, Жабай, Шағалалы, Қылшықты өзендерінде, Нұра-Есіл арнасы, Сұлтанкелді, Зеренді, Щучье, Кіші Шабакты, Сұлукөл, Карасье, Үлкен Шабакты, Майбалық көлдерінде, Вячеславка су қоймасында – айтарлықтай өзгерген жоқ.


Оттегіні 5 тәулікте биохимиялық тұтыну шамасы бойынша Ақбұлақ, Сарыбұлақ, Ақсу өзендерінде, Майбалық көлінде су сапасы *«ластанудың орташа деңгейінде»*, қалған су нысандарында – су *«нормативті-таза»* деп бағаланады.

2017 жылмен салыстырғанда ОБТ₅ шамасы бойынша Ақбұлақ өзенінде, Майбалық көлінде – нашарлаған; Қопа көлінде жақсарған; қалған су нысандарында айтарлықтай өзгерген жоқ.


Оттегі режимі бірқалыпты.

2017 жылмен салыстырғанда оттегі режимі Лебяжье көлінде жақсарған; ал қалған барлық су нысандарында айтарлықтай өзгермеген.

Ақмола облысы аумағында келесі жоғары және экстремалды жоғары ластану жағдайлары тіркелді: Ақбұлақ – 14 ЖЛ және 1 ЭЖЛ жағдайлары, Сарыбұлақ – 1 ЭЖЛ және 12 ЖЛ жағдайлары, Нұра-Есіл арнасы – 1 ЭЖЛ және 4 ЖЛ жағдайлары, Есіл өзені – 2 ЖЛ жағдайы, Үлкен Шабакты көлі – 50 ЖЛ жағдайы, Кіші Шабакты көлі – 73 ЖЛ жағдайы, Жүкей көлі - 14 ЖЛ жағдайы, Карасье - 5 ЖЛ жағдайы, Сұлукөл көлі - 3 ЖЛ жағдайы, Қатаркөл - 8 ЖЛ жағдайы, Текекөл - 8 ЖЛ жағдайы, Майбалық – 2 ЭЖЛ және 11 ЖЛ жағдайлары, Жабай өзені – 7 ЖЛ жағдайы, Ақсу өзені – 5 ЖЛ және 1 ЭЖЛ жағдайлары, Қылшықты өзені – 16 ЖЛ және 10 ЭЖЛ жағдайы, Шағалалы өзені – 15 ЖЛ жағдайы және 4 ЭЖЛ жағдайы (5-кесте).



1.6 сур. Астана қаласы су нысандарының жер үсті сулары сапасының сипаттамасы



1.7 сур. Ақмола облысы су нысандарының жер үсті сулары сапасының сипаттамасы



1.8 сур. ЩБКА ауданы су нысандарының жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

1.10 Щучинск-Бурабай курорттық аймағы аумағындағы 2018 жылғы көктем кезіндегі түптік шөгінділер жай-күйі

Щучинск-Бурабай курорттық аймағы аумағында 2018 жыл бойынша 11 көлден 29 бақылау нүктелері бойынша түптік шөгінділерден сынама алынды.

Түптік шөгінділерде ауыр металдар (мыс, хром, кадмий, қорғасын, күшән, никель және марганец) мөлшері анықталды. Сынама саны (1500 гр), сынама алу әдістемесі МЕМСТ сәйкес.

Бурабай көлінен сынама алынған түптік шөгінділерде, кадмий шоғыры орташа алғанда 0,58 мг/кг, қорғасын – 8,45 мг/кг, мыс – 10,86 мг/кг, хром – 6,75 мг/кг, никель – 19,56 мг/кг, күшән – 4,36 мг/кг, марганец – 23,72 мг/кг құраған.

Үлкен Шабакты көлінде сынама алынған түптік шөгінділерде кадмий шоғыры орташа алғанда 0,17 мг/кг, қорғасын – 7,39 мг/кг, мыс – 8,12 мг/кг, хром – 6,15 мг/кг, никель – 8,54 мг/кг, күшән – 3,57 мг/кг, марганец – 41,81 мг/кг.

Кіші Шабакты көлінде сынама алынған түптік шөгінділерде кадмий шоғыры орташа алғанда 0,24 мг/кг, қорғасын – 9,0 мг/кг, мыс – 12,62 мг/кг, хром – 7,67 мг/кг, никель – 6,01 мг/кг, күшән – 4,10 мг/кг, марганец – 28,67 мг/кг.

Щучье көліндегі түптік шөгінділерде кадмий шоғыры орташа алғанда – 0,16 мг/кг, қорғасын – 10,20 мг/кг, мыс – 8,10 мг/кг, хром – 7,25 мг/кг, никель – 13,15 мг/кг, күшән – 5,34 мг/кг, марганец – 29,82 мг/кг.

Сұлукөл көлінен алынған түптік шөгінділерде кадмий шоғыры орташа алғанда 0,25 мг/кг, қорғасын – 10,54 мг/кг, мыс – 9,92 мг/кг, хром – 6,53 мг/кг, никель – 11,74 мг/кг, күшән – 3,32 мг/кг, марганец – 21,89 мг/кг.

Майбалық көлінің түптік шөгінділерінде кадмий шоғыры орташа алғанда 0,14 мг/кг, қорғасын – 2,82 мг/кг, мыс – 8,69 мг/кг, хром – 6,32 мг/кг, никель – 16,69 мг/кг, күшән – 2,89 мг/кг, марганец – 16,71 мг/кг.

Текекөл көлінің түптік шөгінділерінде кадмий шоғыры орташа алғанда 0,09 мг/кг, қорғасын – 7,49 мг/кг, мыс – 12,16 мг/кг, хром – 5,24 мг/кг, никель – 7,81 мг/кг, күшән – 2,54 мг/кг, марганец – 18,96 мг/кг.

Карасье көлінің түптік шөгінділерінде кадмий шоғыры орташа алғанда 0,22 мг/кг, қорғасын – 6,88 мг/кг, мыс – 9,86 мг/кг, хром – 6,01 мг/кг, никель – 6,69 мг/кг, күшән – 5,12 мг/кг, марганец – 16,03 мг/кг.

Қатаркөл көліндегі түптік шөгінділерде кадмий шоғыры орташа алғанда 0,59 мг/кг, қорғасын – 8,38 мг/кг, мыс – 13,34 мг/кг, хром – 5,38 мг/кг, никель – 8,70 мг/кг, күшән – 4,28 мг/кг, марганец – 35,25 мг/кг.

Лебяжье көліндегі түптік шөгінділерде кадмий шоғыры орташа алғанда 0,14 мг/кг, қорғасын – 5,55 мг/кг, мыс – 7,37 мг/кг, хром – 2,91 мг/кг, никель – 8,01 мг/кг, күшән – 1,92 мг/кг, марганец – 35,58 мг/кг құраған.

Жүкей көліндегі түптік шөгінділерде кадмий шоғыры орташа алғанда 0,22 мг/кг, қорғасын – 2,96 мг/кг, мыс – 3,99 мг/кг, хром – 6,99 мг/кг, никель – 7,10 мг/кг, күшән – 4,34 мг/кг, марганец – 18,12 мг/кг құраған.

Талдау нәтижелері 8 кестеде келтірілген.

Щучинск-Бурабай курорттық аймағы аумағындағы көлдер түптік шөгінділерінің талдау нәтижелері

№	Сынама алу орны (көлдер)	Металдардың қышқылда еритін формаларының шоғыры, мг/кг						
		Cd	Ni	Pb	Cu	Cr	As	Mn
1	Қатаркөл 1/1 ОБ	0,243	12,440	6,082	13,727	5,621	4,948	34,510
2	Қатаркөл 1/2Б	0,932	4,964	10,678	12,951	5,130	3,611	35,980
3	Щучье 2/1 Ш	0,126	8,771	12,058	9,495	4,357	5,310	23,050
4	Щучье 2/2 О	0,139	8,664	12,956	8,813	4,434	5,698	33,570
5	Щучье 2/3 О	0,190	22,125	7,866	5,484	9,081	5,193	29,750
6	Щучье 2/4 С	0,196	13,054	7,914	8,620	11,125	5,172	32,905
7	Кіші Шабақты 3/1 СБ	0,264	6,372	5,074	17,175	2,031	5,429	25,110
8	Кіші Шабақты 3/2 Ш	0,342	8,028	11,009	14,067	10,273	1,310	23,520
9	Кіші Шабақты 3/3Б	0,254	7,950	12,197	7,554	10,112	5,033	33,960
10	Кіші Шабақты 3/4О	0,115	1,682	7,716	11,700	8,271	4,643	32,080
11	Майбалық 4/1 ОБ	0,151	17,775	3,019	12,294	8,205	2,382	16,401
12	Майбалық 4/2 ОШ	0,126	15,612	2,617	5,084	4,431	3,396	17,025
13	Текекөл 5/1 СЗ	0,114	8,007	8,973	13,785	5,647	2,292	17,062
14	Текекөл 5/2Б	0,060	7,615	6,000	10,535	4,828	2,783	20,865
15	Үлкен Шабақты 6/1Б	0,141	14,605	9,421	7,602	9,989	1,577	42,390
16	Үлкен Шабақты 6/2 ОШ	0,182	5,649	3,060	10,771	6,044	5,351	37,955
17	Үлкен Шабақты 6/3 СБ	0,074	4,639	11,106	6,674	6,530	5,303	42,280
18	Үлкен Шабақты 6/4 СШ	0,297	9,287	5,964	7,421	2,050	2,040	44,620
19	Сұлукөл 7/1С	0,279	12,232	10,944	13,475	4,521	4,388	20,100
20	Сұлукөл 7/2 Ш	0,217	11,258	10,127	6,359	8,529	2,245	23,685
21	Карасье 8/1 СШ	0,197	8,233	5,568	9,871	8,696	7,024	20,310
22	Карасье 8/2 Ш	0,213	4,270	6,732	14,67	11,55	9,184	8,041
23	Карасье 8/3 ШОШ	0,340	2,182	12,62	18,20	0,974	1,218	18,41
24	Бурабай 9/1 С	0,177	10,500	5,095	8,361	7,193	5,397	7,044
25	Бурабай 9/2 С	0,280	1,349	9,968	11,337	2,136	2,947	20,730
26	Бурабай 9/3 С	0,321	20,462	11,441	3,030	8,864	1,997	23,255
27	Бурабай 9/4 С	1,051	14,233	5,294	14,659	3,326	1,408	21,070
28	Лебяжье 10/1 З	0,142	8,015	5,546	7,375	2,915	1,920	35,580
29	Жүкей 11/1 Ю/З	0,225	7,097	2,964	3,992	6,990	4,345	18,115

1.11 Ақмола облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі

Көктем мезгілінде Астана қаласының түрлі аудандарынан алынған топырақ сынамасында мыс құрамы 7,248-24,576 мг/кг, хром - 12,13-35,0 мг/кг, қорғасын – 2,198-11,165 мг/кг, мырыш - 2,607-24,462 мг/кг, кадмий - 0,572-1,548 мг/кг шамасында болды.

Орталық саябақ ауанында алынған топырақ сынамасында кадми бойынша 2,2 ШЖШ, мыс – 2,4 ШЖШ асуы байқалды, сондай-ақ мырыш құрамы 1 - ШЖШ шамасында болды.

Кенесары және Уәлиханов көшелері қиылысында мыс бойынша 8,2 ШЖШ, кадми 1,1 ШЖШ, хром – 1,9 ШЖШ асуы байқалды.

№3 мектептің ауданында (Сейфуллин және Әуезов көшелері қиылысында) мыс концентрациясы -4,3 ШЖШ, мырыш 1,2 ШЖШ, хром – 1,2 ШЖШ және кадми 2,5 ШЖШ шамасында болды.

ЖЭС - 1 ауданында алынған сынамада мыс бойынша асуы 3,5 ШЖШ, және кадмий бойынша – 3,1 ШЖШ құрады.

ЖЭС-2 ауданында алынған топырақ сынамасында мыс бойынша 5,2 ШЖШ, кадмий 3,1 ШЖШ шамасында асуы байқалды.

«Бурабай» кешенді фондық мониторинг станциясында (КФМС) алынған топырақ сынамасындағы мырыш құрамы – 0,264 мг/кг, мыс – 24,58 мг/кг, қорғасын – 24,46 мг/кг, хром – 11,17 мг/кг және кадмий - 0,57 мг/кг шамасында болды.

«Бурабай» КФМС алынған топырақ сынамаларында мыс бойынша – 8,2 ШЖШ және хром бойынша 1,9 ШЖШ шамасында асуы анықталды. Анықталатын басқа ауыр металдар құрамы норма шамасында болды.

Бурабай ауылының және Щучинск «Зеленый бор» шипажайының түрлі аудандарынан алынған топырақ сынамасында мырыш құрамы – 0,17-0,49 мг/кг, мыс - 5,88-24,66 мг/кг, қорғасын – 11,36-23,99 мг/кг, хром – 9,50-11,74 мг/кг, кадмий – 0,11-0,60 мг/кг шамасында болды.

Бурабай кенті Кенесары көшесіндегі «Бурабай» ҰМТП офисі маңынан алынған топырақ сынамаларында хром бойынша 1,9 ШЖШ, мыс – 8,2 ШЖШ, Щучинск – Бурабай айналма жолы ауданында хром бойынша – 1,6 ШЖШ, мыс бойынша – 1,99 ШЖШ құрады.

Абылай Хан алаңы аумағында, «Бурабай» Ұлттық Мемлекеттік Табиғи парк (ҰМТП) мыс құрамы 5,1 ШЖШ, хром – 1,96 ШЖШ, Щучинск «Зеленый бор» шипажайы ауданында мыс құрамы – 1,96 ШЖШ, хром – 1,7 ШЖШ шамасында болды.

Щучинск қаласының түрлі аудандарынан алынған хром 2,61-12,87 мг/кг аралығында, мыс – 10,44-25,51 мг/кг, қорғасын – 2,68-10,64 мг/кг, мырыш – 0,13-0,20 мг/кг, кадмий - 0,07-1,50 мг/кг шамасында болды.

Шыны зауыты ауданында мыс құрамы 4,5 ШЖШ, хром – 2,1 ШЖШ құрады.

Аудандық аурухана аумағында мыс бойынша 4,8 ШЖШ, хром бойынша 1,8 ШЖШ шамасында артуы байқалды.

Жаңармай құю станциясы ауданында мыс құрамы 3,6 ШЖШ құрады.

Щучинск метеостанциясы ауданында мыс құрамы 8,5 ШЖШ құрады.

Теміржол вокзалы аумағында мыс бойынша 3,5 ШЖШ асу тіркелді.

Щучинск қ. аумағында алынған топырақ сынамасында басқа ауыр металдардың құрамының рұқсат етілген нормадан асуы байқалмады.

Күз мезгілінде Астана қаласының түрлі аудандарынан алынған топырақ сынамасында мыс құрамы 8,053-21,69 мг/кг, хром – 5,34 - 19,73 мг/кг, қорғасын – 7,84-28,42 мг/кг, мырыш - 0,852-7,254 мг/кг, кадмий - 0,394-0,657 мг/кг шамасында болды.

Орталық саябақ ауанында алынған топырақ сынамасында хром бойынша 1,7 ШЖШ, мыс – 2,9 ШЖШ асуы байқалды, сондай-ақ мырыш құрамы 18,18 - ШЖШ шамасында болды.

Кенесары және Уәлиханов көшелері қиылысында мыс бойынша 8,2 ШЖШ, кадмий 1,3 ШЖШ, хром – 1,3 ШЖШ асуы байқалды.

№3 мектептің ауданында (Сейфуллин және Әуезов көшелері қиылысында) мыс концентрациясы -7,2 ШЖ, кадмий 1,0 ШЖШ, сондай ақ хром 1,2 ШЖШ шамасында болды.

ЖЭС - 1 ауданында алынған сынамада мыс бойынша асуы 3,1 ШЖШ, хром 1,7 ШЖШ, және кадмий бойынша – 1,1 ШЖШ құрады.

ЖЭС-2 ауданында алынған топырақ сынамада мыс бойынша 2,6 ШЖШ, хром 1,9 ШЖШ шамасында асуы байқалды.

Комплекстық фондық мониторинг станциясы бойынша асуы кадмий бойынша 1,3 ШЖШ, мыс 3,1 ШЖШ және хром 1,4 ШЖШ шамасында болды.

Бурабай аумағындағы Боровое-Щучинск жолында алынған сынаманың мыс 2,7 ШЖШ және хром 1,7 ШЖШ шамасында асуы байқалды.

Бурабай аумағындағы Кенесары 45 көшесінде ГНПП Бурабайданалынған сынама бойынша мыс 2,7 ШЖШ және хром 2,0 ШЖШ және кадмий 1,0 ШЖШ шамасында асуы байқалды.

Абылайхан атындағы алаңы ГНПП Бурабайданалынған сынама кадмий бойынша 1,5 ШЖШ, қорғасын 2,3 ШЖШ және хром 1,2 ШЖШ шамасында асуы байқалды.

Бурабай аумағындағы Щучинск шипажай аумағы, Шипажай Зеленый Борданалынған сынама бойынша асуы байқалмады.

Бурабай аумағындағы Щучинск қаласы шынызаводынан алынған сынама бойынша мыс 1,7 ШЖШ, хром 1,1 ШЖШ шамасында асуы байқалды.

Бурабай аумағындағы Щучинск қаласындағы облыстық ауруханаданалынған сынама бойынша мыс 1,7 ШЖШ шамасында асуы байқалды.

Бурабай аумағындағы Щучинск қаласындағы жаңармай станциясында алынған сынама бойынша мыс 3,1 ШЖШ және хром 2,0 ШЖШ шамасында асуы байқалды.

Бурабай аумағындағы Щучинск қаласындағы метеостанцияданалынған сынама бойынша кадмий 1,2 ШЖШ, қорғасын 3,8 ШЖШ және хром 2,4 ШЖШ шамасында асуы байқалды.

Бурабай аумағындағы Щучинск қаласындағы теміржол вокзалындаалынған сынама бойынша мыс 2,9 ШЖШ, хром 1,5 ШЖШ және кадмий 1,1 шамасында асуы байқалды.

1.12 Ақмола облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 15 метеорологиялық стансада (Астана, Аршалы, Ақкөл, Атбасар, Балкашино, «Боровое» КФМС, Егінлікөл, Ерейментау, Көкшетау, Қорғалжын, Степногор, Жалтыр, Бурабай, Щучье, Шортанды) бақылау жүргізіледі (1.10 -сур.).

Елді-мекендер бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,06-0,29 мкЗв/сағ. шегінде

болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,13 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

1.13 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Ақмола облысында 5 метеорологиялық станцияда (Атбасар, Көкшетау, Степногор, Астана, «Боровое» КФМС) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (1.10-сур.).

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,6-4,9 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,2 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



1.9 сур. Ақмола облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

2 Ақтөбе облысының қоршаған орта жай-күйі

2.1 Ақтөбе қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 6 стационарлық бекетте жүргізілді (2.1-сур., 2.1-кесте).

2.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Авиақалашық, 14	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді
4	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Белинский көш., 5	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкірттісутегі, формальдегид, хром
5			Ломоносовкөш., 7	Қалқыма бөлшектер (шаң), сульфаттар, көміртегі оксиді, азота оксидіжәнедиоксиді, формальдегид
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Рысқұлов көш., 4 Г	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкіртті сутегі, көмірсутегісінің сомасы, аммиак, метан
3			Есет-батыр көш., 109А	
6			Жанқожа-батыркөш., 89	PM-2,5 қалқыма бөлшект ері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкіртті сутегі, аммиак



2.1-сурет. Ақтөбе қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2018 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (2.1-сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды. АЛИ=7 (жоғарғы деңгей), СИ=13 (>10 өте жоғары деңгей) көміртектік оксиді бойынша (№3 бекет аумағында, Есет батыр көшесі, 109А) құрады.

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

*2018 жылдың 17 наурызында №3 автоматты бекет мәліметі бойынша (Есет батыр көшесі, 109А) күкірт диоксиді (10,0 ШЖШ) бойынша атмосфералық ауаның 2 жоғары ластану (ЖЛ) тіркелді.

*2018 жылдың 1 шілдесінде №3 автоматты бекет мәліметі бойынша (Есет батыр көшесі, 109А) көміртектік оксиді (12,3-12,8 ШЖШ) бойынша атмосфералық ауаның 5 жоғары ластану (ЖЛ) тіркелді.

2017 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаның ластану деңгейі өзгерген жоқ.

Озонның (жербеті) орташа тоқсандық шоғыры 2,0 ШЖШ_{о.т} құрады, басқа ластанушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Күкірт диоксидінің максималды бір реттік шоғыры –10,0 ШЖШ_{м.б}, көміртектік оксиді – 12,8 ШЖШ_{м.б}, озон (жербеті) – 2,2 ШЖШ_{м.б}, күкірсутегі – 4,0 ШЖШ_{м.б}, РМ-10 қалқыма бөлшектер – 7,6 ШЖШ_{м.б}, РМ-2,5 қалқыма бөлшектер – 3,4 ШЖШ_{м.б}, азот диоксиді – 1,8 ШЖШ_{м.б}, азот оксиді – 1,4 ШЖШ_{м.б}, басқа ластанушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады (кесте-1).

2.2 Қандыағаш қаласының эпизодтық бақылауына сәйкес атмосфералық ауаның жай-күйі

Қандыағаш қаласындағы атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде жүргізілді (*Нүкте №1 – Западная көшесі, нүкте №2 – Сейфуллина көшесі*).

Қалқыма бөлшектер РМ 10, азот оксиді, азот диоксиді, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, күкіртті сутек, аммиак және формальдегид шоғырлары анықталды.

Бақылау мәліметтері бойынша барлық анықталған заттардың шоғыры шектен аспады (кесте 2.2).

Кесте 2.2

Қандыағаш қаласындағы бақылау мәліметтері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталушы қоспалар	Сынама нүктелері			
	№1		№2	
	q _m мг/м ³	q _m /ПДК	q _m мг/м ³	q _m /ПДК
Қалқыма бөлшектер РМ 10	0,0332	0,11	0,0407	0,14
Күкірт диоксиді	0,0006	0,001	0,0020	0,004
Көміртек оксиді	0,0052	0,001	0,0032	0,0006
Азот диоксиді	0,0035	0,018	0,0237	0,119
Азот оксиді	0,0018	0,005	0,0017	0,004
Күкіртсутек	0,0003	0,033	0,0005	0,056
Аммиак	0,0023	0,0114	0,0042	0,021
Формальдегид	0,0002	0,0047	0,0003	0,0065

2.3 Кенқияқ ауылының эпизодтық бақылау мәліметтері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Кенқияқ ауылындағы атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде жүргізілді (*Нүкте №1 – Западная көшесі, нүкте №2 – Сейфуллина көшесі -Жеңіс даңғылы*).

Қалқыма бөлшектер РМ 10, азот оксиді, азот диоксиді, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, күкіртсутек, аммиак және формальдегид шоғырлары анықталды.

Бақылау мәліметтері бойынша барлық анықталған заттардың шоғыры шектен аспады (кесте 2.2).

Кенқияқ ауылындағы зерттеулер бақылау мәліметтері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталушы қоспалар	Сынама нүктелері			
	№1		№2	
	q _m мг/м ³	q _m /ПДК	q _m мг/м ³	q _m /ПДК
Қалқыма бөлшектер РМ 10	0,0450	0,15	0,0425	0,14
Күкірт диоксиді	0,0000	0,0	0,0000	0,0
Көміртек оксиді	0,0038	0,0008	0,0040	0,0008
Азот диоксиді	0,0215	0,107	0,0032	0,016
Азот оксиді	0,0019	0,005	0,0008	0,002
Күкіртсутек	0,0008	0,098	0,0011	0,136
Аммиак	0,0028	0,014	0,0100	0,05
Формальдегид	0,0000	0,0	0,0011	0,022

2.4 Шұбаршы ауылының эпизодтық бақылауына сәйкес атмосфералық ауаның жай-күйі

Шұбаршы ауылындағы атмосфералық ауаның ластануын бақылау 2 нүктеде жүргізілді (Нүкте №1 – Қазақтың мұнайына 100жыл көшесі, нүкте №2 – №56 үй көшесі).

РМ 10 қалқыма бөлшектердің, азот оксиді, азот диоксиді, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, күкірт сутегі, аммиак және формальдегид шоғырлары анықталды.

Байқау бойынша барлық анықталған заттардың шоғырлары шектен аспады (кесте 2.4).

Шұбаршы ауылындағы зерттеулер бойынша ластаушы заттардың максималды концентрациясы

Анықталушы қоспалар	Жинау нүктесі			
	№1		№2	
	q _m мг/м ³	q _m /ПДК	q _m мг/м ³	q _m /ПДК
Қалқыма бөлшектер РМ 10	0,0730	0,24	0,0427	0,14
Күкірт диоксиді	0,0000	0,0	0,0000	0,0
Көміртегі оксиді	0,0112	0,002	0,0130	0,003
Азот диоксиді	0,0031	0,015	0,0031	0,016
Азот оксиді	0,0010	0,003	0,0012	0,003
Күкіртті сутек	0,0005	0,068	0,0006	0,07
Аммиак	0,0023	0,012	0,0030	0,015
Формальдегид	0,0000	0,0	0,0000	0,0

2.5 Ақтөбе облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 6 метеостанцияларда (Ақтөбе, Аяқкүм, Жағабұлақ, Мұғалжар, Новороссийское, Шалқар) алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді (2.2-сурет).

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары кадмийді қоспағанда, шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады. Кадмий шоғыры Аяқкүм МС – 1,7 ШЖШ құрады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 31,0%, сульфаттар 25,77%, хлоридтер 12,88%, кальций иондары 8,87 %, натрий иондары 7,93 % болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Аяқкүм МС – 295,2 мг/л, ең азы Жағабұлақ МС – 35,07 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электрөткізгіштігі 63,29 мкСм/см-ден (Жағабұлақ МС) 469,46 мкСм/см (Аяқкүм МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы 6,22 (Жағабұлақ МС) – 7,33 (Аяқкүм МС) аралығында болды.

2.6 Ақтөбе облысының аумағында 2017-2018 жылға арналған қар жамылғысының химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 6 метеостанцияларда (Ақтөбе, Жағабұлақ, Мұғалжар, Новороссийское, Шалқар) алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді (2.2-сурет).

Құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 35,40 %, сульфаттар 25,33 %, хлоридтер 5,97 %, кальций иондары 11,84 %, магний иондары 4,19%, натрий иондары 4,49 % болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Ақтөбе МС – 62,79 мг/л, ең азы – 14,14 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электрөткізгіштігі 22,90 мкСм/см-ден 98,00 мкСм/см (Ақтөбе МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы әлсіз қышқыл, сілтісі аз сипатта болып, 5,24 (Жағабұлақ МС) – 6,29 (Ақтөбе МС) аралығында болды.



2.2 сур. Ақтөбе облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

2.7 Ақтөбе облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Ақтөбе облысы аумағындағы жер үсті суларының ластануын бақылау 12 су нысанында: Елек, Ор, Ембі, Темір, Қарғалы, Қосестек, Ырғыз, Қара Қобда, Үлкен Қобда, Ойыл, Ақтасты өзендері мен Шалқар көлінде жүргізілді.

Елек өзені – Жайық өзенінің көпсулы сол жақ саласы. Өзен суының су температурасы 0-30°C аралықта, сутегі көрсеткіші 7,62, судағы еріген оттегі концентрациясы 9,05 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,93 мг/дм³. Биогенді заттар (бор (3+) – 15,8 ШЖШ, тұзды аммоний – 2,4 ШЖШ), ауыр металдар (мыс(2+) – 4,2 ШЖШ, хром(6+) – 4,9 ШЖШ, марганец (2+) – 4,3 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар – 1,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды.

Қарғалы өзенінде су температурасы 1-24 °С-қа дейінгі аралықта, сутегі көрсеткіші 7,67, судағы еріген оттегінің концентрациясы 9,49 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,70 мг/дм³. Биогенді заттар (тұзды аммоний – 1,5 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 5,0 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,4 ШЖШ, марганец (2+) – 4,9 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар – 1,2 ШЖШ) бойынша нормадан асқан.

Қосестек өзенінде суының температурасы 0-25°C шегінде, сутегі көрсеткіші 7,61, судағы еріген оттегінің концентрациясы 9,90 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,51 мг/дм³. Биогенді заттар (тұзды аммоний – 1,4 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 7,2 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,1 ШЖШ, марганец (2+) – 4,0 ШЖШ) бойынша нормадан асқан.

Ақтасты өзенінде су температурасы 2-21 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,50, судағы еріген оттегінің концентрациясы 10,05 мг/дм³, ОБТ₅ - 1,74 мг/дм³. Негізгі иондардан (сульфаттар – 1,1 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 1,7 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 4,6 ШЖШ, марганец (2+) - 5,4 ШЖШ) бойынша нормадан асқан.

Ойыл өзенінде су температурасы 8,9-28 °С- шегінде, сутегі көрсеткіші 7,68, судағы еріген оттегінің концентрациясы 10,93 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,45 мг/дм³. Негізгі иондардан (сульфаттар – 1,2 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 1,8 ШЖШ), ауыр металдар (мыс(2+) – 5,0 ШЖШ, марганец(2+) – 4,0 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар – 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалған.

Үлкен Қобда өзенінде су температурасы 4-25 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,74, судағы еріген оттегінің концентрациясы 9,10 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,00 мг/дм³. Биогенді заттар (тұзды аммоний – 1,3 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 6,0 ШЖШ, марганец (2+) – 3,0 ШЖШ) бойынша нормадан асуы байқалды.

Қара Қобда өзені – су температурасы 2-28°С аралығында, сутегі көрсеткіші 7,65, судағы еріген оттегінің концентрациясы 11,77 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,70 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 1,1 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 5,8 ШЖШ, марганец (2+) – 5,1 ШЖШ) бойынша шекті жол шоғырдан асқандығы тіркелді.

Ембі өзенінде - су температурасы 0,2-25 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,62, судағы еріген оттегінің концентрациясы 11,04 мг/дм³, ОБТ₅ – 3,17 мг/дм³. Негізгі иондардан (сульфаттар – 1,2 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 3,0 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 5,0 ШЖШ, марганец (2+) – 4,9 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар – 1,3 ШЖШ) бойынша шекті жол шоғырдан асқандығы тіркелді.

Темір өзенінде - суының температурауасы 0,2-25°С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,43, судағы еріген оттегінің концентрациясы 10,53 мг/дм³, ОБТ₅ – 4,01 мг/дм³. Биогенді заттар (тұзды аммоний – 2,3 ШЖШ), ауыр металдар (мыс(2+) – 2,5 ШЖШ, марганец (2+) – 4,8 ШЖШ) бойынша шекті жол шоғырдан асқандығы тіркелді.

Ор өзенінде - су температурасы 5-24°С аралығында, сутегі көрсеткіші 7,81, судағы еріген оттегінің концентрациясы 9,82 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,22 мг/дм³. Биогенді заттар (тұзды аммоний – 2,3 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 4,4 ШЖШ, марганец (2+) – 4,3 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар – 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол шоғырдан асқандығы тіркелді.

Ырғыз өзенінде - су температурасы 6-24°С қа дейінгі аралықта, сутегі көрсеткіші 7,51, судағы еріген оттегінің концентрациясы 11,67 мг/дм³, ОБТ₅ – 3,22 мг/дм³. Биогенді заттар (тұзды аммоний – 2,0 ШЖШ), ауыр металдар (мыс(2+) – 4,0 ШЖШ, марганец (2+) – 6,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Жаңа Қаратон кентінде атмосфералық ауаның ластануына бақылау 3 нүктеде (№1 нүкте - Құлсары-кіру темір жол станциясынан 86 км ары, №2 нүкте - шырақтан ары орналасқан СҚА 5 км ары (санитарлық қорғау аймағы), №3-нүкте - шырақтан 8-10 км ары орналасқан тұрғын аймағы (СҚА ары) жүргізілді.

PM-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкіртті сутегісінің, фенолдың, көмірсутектерінің (C₁₂-C₁₉), аммиактың, формальдегидтің және метанның шоғырлары өлшенді.

PM-10 қалқыма бөлшектерінің максималды концентрациясы (PM-10) барлық нүктелерде 2,0 ШЖШ құрады.

Бақылау деректері бойынша қалған ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (4.4-кесте).

**Жаңа Қаратон кентіндегі бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың
максималды шоғырлары**

Ластаушы заттар	№1 нүкте		№2 нүкте		№3 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
PM -10 қалқыма бөлшектер	0,06	2,0	0,06	2,0	0,06	2,0
Күкірт диоксиді	0,021	0,042	0,015	0,030	0,021	0,042
Көміртегі оксиді	2,31	0,5	2,2	0,4	2,31	0,462
Азот диоксиді	0,02	0,10	0,02	0,10	0,02	0,10
Азот оксиді	0,021	0,05	0,02	0,04	0,02	0,05

Күкірттісутегісі	0,006	0,750	0,006	0,750	0,006	0,750
Фенол	0,003	0,300	0,004	0,300	0,004	0,300
Көмірсутектер(C ₁₂ -C ₁₉)	4,5	-	4,6	-	4,5	-
Аммиак	0,02	0,10	0,02	0,10	0,02	0,10
Формальдегид	0,005	0,10	0,005	0,10	0,004	0,08
Метан	5,1	-	6,3	-	5,4	-

4.5 Ганюшкино ауылының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Ганюшкино ауылында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 3 нүктеде (№1 нүкте - Ганюшкино МС жаңында, №2 нүкте - теміржол бекеті ауданы, №3 нүкте - Жыланды ауылындағы мектептен 200 м ары) жүргізілді. РМ-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкіртті сутегісінің, фенолдың, көмірсутектерінің (C₁₂-C₁₉) аммиактың, формальдегидтің және метанның шоғырлары өлшенді.

РМ-10 қалқыма бөлшектерінің максимальды шоғырлары №1, №2, №3 нүктелерде 2,0 ШЖШ құрады.

Бақылау деректері бойынша қалған ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (4.5-кесте).

4.5-кесте

Ганюшкино ауылының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Ластаушы заттар	№1 нүкте		№2 нүкте		№3 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
РМ -10 қалқыма бөлшектер	0,6	2,0	0,6	2,0	0,6	2,0
Күкірт диоксиді	0,016	0,032	0,016	0,032	0,016	0,032
Көміртегі оксиді	2,1	0,4	2,0	0,4	2,1	0,4
Азот диоксиді	0,02	0,10	0,02	0,10	0,02	0,10
Азот оксиді	0,02	0,05	0,02	0,05	0,02	0,05
Күкірттісутегісі	0,006	0,75	0,007	0,875	0,005	0,625
Фенол	0,008	0,800	0,008	0,800	0,008	0,800
Көмірсутектер(C ₁₂ -C ₁₉)	2,4	-	2,0	-	2,4	-
Аммиак	0,02	0,10	0,01	0,05	0,02	0,10
Формальдегид	0,004	0,060	0,004	0,060	0,004	0,060
Метан	2,6	-	3,0	-	3,0	-

4.6 Атырау облысының кен орындарындағы атмосфералық ауа жай-күйі

Жанбай, Забурунье, Мақат, Доссор және Қосшағыл кен орындарында өлшенген бөлшектердің шоғырлануы (шаң) 1,0-1,2 ШЖШ шегінде болды, күкірт сутегі бойынша - 1,0 ШЖШ құрамында, азот диоксиді, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, аммиак мөлшері рұқсат етілген нормадан аспады.

4.7 Атырау облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 3 метеостанцияларда (Атырау, Ганюшкино, Пешной) алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді (4.4 сур.).

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары кадмийді қоспағанда, шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 25,8%, сульфаттар 31,86%, хлоридтер 10,92%, кальций иондары 16,16%, натрий иондары 6,96% болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Атырау МС – 304,45 мг/л, ең азы Ганюшкин МС- 72,27 мг/л белгіленген.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электрөткізгіштігі 106,2-ден 549,5 мкСм/см (Атырау МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашынның қышқылдығы 6,6-дан (Ганюшкино МС) 7,6 (Атырау МС) аралығында болды.

4.8 Атырау облысы бойынша 2017-2018 жж. арналған қар жамылғысының химиялық құрамы

Қар жамылғысының химиялық құрамына бақылау 2 метеостанцияда (Пешной, Ганюшкино) (4.8 сур.) жүргізілді.


Қар жамылғысы құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан аспады.

Қар жамылғысы сынамаларында гидрокарбонаттар 41,21 %, сульфаттар 18,8%, хлоридтер ионы 8,48%, кальций 13,33% натрий 7,7% болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Пешной МС – 27,01 мг/л, ең азы Ганюшкино МС - 11,77 мг/л белгіленді.

Қар жамылғысының үлесті электр өткізгіштігі 18,3 мкСм/см-ден (Ганюшкино МС) 39,7 мкСм/см (Пешной МС) дейінгі шекте болды.

Түскен қар сынамаларындағы қышқылдық 5,65 (Пешной МС) – 5,66 (Ганюшкино МС) аралығында болды.



4.8 сур. Атырау облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

4.9 Атырау облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Атырау облысы аумағындағы жер үсті суларының ластануын бақылау 4 нысанында, Жайық, Шаронова, Қиғаш, Ембі өзендерінде жүргізілді.

Жайық өзені Ресей Федерациясы аумағынан ағып шығып, БҚО және Атырау облысы аумақтарынан ағып өтіп, Каспий теңізіне Атырау облысы аумағына құяды.

Шаронова және Қиғаш өзендері Волга өзенінің төменгі ағысындағы, Қазақстан аумағы арқылы өтетін, тармақтары. Өзендер Атырау облысы аумағында Каспий теңізіне құяды.

Ембі өзені Мұғалжар тауларының батыс беткейінен бастау алып, Ақтөбе және Атырау облыстары аумағы арқылы ағып өтіп, теңіз маңы тұзды батпақтары арасына сіңіп кетеді, бірақ, мол сулы жылдары Каспий теңізіне жетеді.

Жайық өзенінде су температурасы 0-27,2°C шегінде, сутегі көрсеткіші-8,0, судағы еріген оттегі шамасы - 6,30 мг/дм³, ОБТ₅- 2,87 мг/дм³ құраған. Шекті жол берілген шоғырдан асуы тіркелмеген.

Шаронова өзенінде су температурасы 0-23,5°C, сутегі көрсеткіші -10,3, судағы еріген оттегі шамасы – 7,00 мг/дм³, ОБТ₅ 3,19 мг/дм³. Шекті жол берілген шоғырдан асуы тіркелмеген.

Қиғаш өзенінде су температурасы 0-25,2 °C, сутегі көрсеткіші -7,76, судағы еріген оттегі шамасы - 6,35 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,84 мг/дм³. Шекті жол берілген шоғырдан асуы тіркелмеген.

Ембі өзенінде су температурасы 2,7-12,2°C, сутегі көрсеткіші -8,04, судағы еріген оттегі шамасы- 6,20 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,35 мг/дм³. Ауыр металдар (марганец-1,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.


СЛКИ бойынша су сапасы Ембі өзенінде «ластанудың орташа деңгейінде»; Жайық, Шаронова, Қиғаш өзендерінде -«нормативті таза» деп бағаланады.

2017 жылмен салыстырғанда Жайық, Шаронова, Ембі және Қиғаш өзендерінде су сапасы айтарлықтай өзгермеген.

Оттегіні 5 тәулікте биохимиялық тұтыну (ОБТ₅) мәні бойынша Жайық, Ембі және Қиғаш өзендерінде су сапасы «нормативті таза», Шаронова өзенінде «ластанудың орташа деңгейінде» деп бағаланады.

2017 жылмен салыстырғанда ОБТ₅ бойынша Жайық және Шаронова өзендерінде су сапасы айтарлықтай өзгермеген; Қиғаш және Ембі өзендерінде жақсарған.

Оттегі режимі бір қалыпты (4-кесте).



4.4 сур. Атырау облысы жер үсті суларының сипаттамасы

4.10 Атырау облысы аумағындағы Солтүстік Каспий теңіз суының сапасы

Теңіз суы сапасына бақылау жүргізу келесі жағалық стансаларда жүргізілді: теңіз кеме жүру арнасы; Жайық өзені қайраңы, Шалығи шығанағы аралдары.

Теңіз суы сынамаларында қалқымалы бөлшектер, сутегі көрсеткіші, суда еріген оттегі, басты иондар, биогенді заттар, органикалық лаस्ताуыштар (мұнай өнімдері, фенолдар), жеңіл тотығатын органикалық заттар (ОБТ₅ бойынша) мен ауыр металдардың мөлшері талданды.

Солтүстік Каспий теңіз суының су температурасы 7,7-27,6°C, сутегі көрсеткіші – 8,33, суда еріген оттегі мөлшері – 7,31 мг/дм³, ОБТ₅ – 3,34 мг/дм³. ШЖШ асу жағдайлары байқалмаған.

Солтүстік Каспий теңізінің барлық тұстамаларында су сапасы «нормативті таза» деп сипатталды. 2017 жылмен салыстырғанда Солтүстік Каспий теңіз суы сапасы айтарлықтай өзгерген жоқ.

4.11 Атырау облысы аумағындағы теңіз түптік шөгінділерінің жай-күйі

«Теңіз кеме жүзетін арна» (2 станция), «Жайық өзені қайраңы» (5 станция) станция тұстамаларында және «Шалығи шығанағы аралдары» (5 станция) станциясында теңіздің түптік шөгінділерінің сынамалары алынды. Мұнай өнімдерінің мөлшері мен металлдар (мыс, хром (6+), кадмий, никель, марганец, мырыш пен қорғасын) құрамы анықталды.

Теңіз кеме жүзетін арнасы. Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мұнай өнімдерінің мөлшері 235,6-262,40 мг/кг, мыс – 0,354-0,985мг/кг, хром (6+)- 0,2-0,24мг/кг, кадмий- 0,0мг/кг, никель 1,31-1,24мг/кг, марганец 4,08-3,42мг/кг, қорғасын мөлшері 0,0мг/кг, мырыш – 2,01-2мг/кг аралығында болды.

Жайық өзені қайраңы. Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мұнай өнімдерінің мөлшері 202,9-357,2 мг/кг, мыс – 0,751-1,665мг/кг, хром (6+)- 0,21-0,44мг/кг, кадмий- 0,0мг/кг, никель 1,35-1,74мг/кг, марганец 3,54-4,55мг/кг, қорғасын мөлшері 0,0мг/кг, мырыш – 1,85-2,74мг/кг аралығында болды.

Шалығи шығанағы аралдары. Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мұнай өнімдерінің мөлшері 246,3-325,3 мг/кг, мыс – 1,248-1,455мг/кг, хром (6+)- 0,39-0,79мг/кг, кадмий- 0,0мг/кг, никель 1,19-1,77мг/кг, марганец 3,01-3,98мг/кг, қорғасын мөлшері 0,0мг/кг, мырыш – 2,34-2,91мг/кг аралығында болды.

4.12 2018 Атырау облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі

Көктем мезгілінде Атырау қаласында мырыш құрамы 1,86-10,7мг/кг, мыс – 0,28-2,8 мг/кг, хром-0,037-0,09 мг/кг, қорғасын-0,1-2,4 мг/кг, кадмий-0,03-0,25 мг/кг.

№ 19 мектеп , демалыс саябағы Атырау –Орал автомагистралі ауданында, Атырау мұнай өңдеу зауыты СҚА 500 м және 2 км алынған топырақ сынамасындағы кадмий, қорғасын, мыс, хром, және мырыш құрамы рұқсат етілген норма шамасында болды.

Күз мезгілінде Атырау қаласындағы топырақ сынамаларында мырыш құрамы 25,1-35,6 мг/кг, мыс – 5,0-8,2 мг/кг, хром-1,45-3,0 мг/кг, қорғасын-1,8-2,7 мг/кг, кадмий-0,1-0,21мг/кг.

№ 19 мектеп, демалыс саябағы Атырау –Орал автомагистралі ауданында, Атырау мұнай өңдеу зауыты СҚА 500 м және 2 км алынған топырақ сынамасындағы мырыштың құрамы 1,09-1,55 ШЖШ, мыстың құрамы 1,66-2,73 ШЖШ. Басқа анықталатын қоспалардың шоғыры норма шегінде болды.

Көктем мезгілінде топырақ жай-күйіне бақылау Солтүстік Каспийдің 5 кен орындарындағы 5 бақылау нүктелерінде - **Жанбай, Забурунье, Доссор Мақат** және **Қосшағылда** жүргізілді. Топырақ сынамасында мұнай өнімдерінің, кадмийдің, қорғасынның, мыстың, хромның және мырыштың бар болуы анықталды.

Көктем мезгілінде топырақ жай-күйіне бақылау Солтүстік Каспийдің 5 кен орындарындағы 5 бақылау нүктелерінде - **Жанбай, Забурунье, Доссор Мақат** және **Қосшағыл** кен орындарында түрлі аудандардан нүктелерден алынған топырақ сынамаларында мұнай өнімдерінің -1,1-2,5 мг/кг, кадмийдің - 0,02-0,23 мг/кг, қорғасынның-0,35-6,1 мг/кг, мыстың- 0,51-1,8 мг/кг, хромның - 0,56-2,8 мг/кг және мырыштың – 1,21-8,6 мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан аспады.

Барлық кен орындарыныңда және олардың нүктелерінде анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады.

Күз мезгілінде топырақ жай-күйіне бақылау Солтүстік Каспийдің 5 кен орындарындағы 5 бақылау нүктелерінде - **Жанбай, Забурунье, Доссор Мақат** және **Қосшағыл** кен орындарында түрлі аудандардан нүктелерден алынған топырақ сынамаларында мұнай өнімдерінің -1,6-2,95 мг/кг, кадмийдің -0,06-0,3 мг/кг, қорғасынның-2,16-15,3 мг/кг, мыстың- 1,23-2,9 мг/кг, хромның -1,11-4,05 мг/кг және мырыштың – 4,6-14,2 мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан аспады.

Барлық кен орындарыныңда және олардың нүктелерінде анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады.

4.13 Атырау облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық стансада (Атырау, Пешной, Құлсары) және Құлсары қаласындағы 1 автоматты (*Құлсары №7*) бекетте жүргізілді (4.14 сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,07-0,26мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

4.14 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Атырау облысында 1 метеорологиялық станцияда (Атырау) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (4.14 сур.). Стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,6-3,5 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,3 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



4.14 сур. Атырау облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

5 Шығыс Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі


5.1 Өскемен қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (5.1-сур., 5.1-кесте).

5.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Рабочая көшесі, 6	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, хлор, формальдегид, күкірт қышқылы, күшталаның анықталмаған қосындысы, бенз(а)пирен, гамма-фон. №1,5,7 ЛББ:бериллий, кадмий, мыс, қорғасын, мырыш анықталады.
5			Қайсенов көшесі, 30	
7			Первооктябрьская көшесі, 126 (Защита стансасы)	
8			Егорова көшесі, 6	
12			Сәтбаев даңғылы, 12	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Питер-Коммунар көшесі, 18	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкіртті сутек, көмір сутегісінің сомасы, аммиак, метан
3			Ворошилов көшесі, 79	



5.1-сурет. Өскемен қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің (5.1-сур.) деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі жоғары болып бағаланды, ол АЛИ=9 (жоғары деңгей), күкіртсутек бойынша (№3 бекет ауданында) СИ 132-ге (>10 өте жоғары деңгей) тең мәндерімен анықталды (1, 2-сур.).

*2018 жылдың 02-09,15,19-31 қаңтарда және 01-03,07,09-27 ақпанда №2 және №3 автоматты бекеттің бақылау мәліметі бойынша күкіртсутек бойынша атмосфералық ауаның 1529 жоғары ластану (ЖЛ) (10,0-48,8 ШЖШ_{м.б.}) және 64 экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) (50,1-131,7 ШЖШ_{м.б.}) жағдайлары және №3 автоматты бекеттің бақылау мәліметі бойынша 2018 жылдың 14 тамызда күкірт диоксиді бойынша атмосфералық ауаның 1 жоғары ластану (ЖЛ) (11,4 ШЖШ_{м.б.}) жағдайы тіркелді (кесте 2).

* БҚ 52.04.667-2005 сәйкес, СИ>10 болса, ең болмаса біреу бақылау мерзімінен СИ 10-нан көп болған кезде, ЕЖҚ орнына күндер саны анықталады.

Атмосфералық ауаның ластану деңгейі 2017 жылмен салыстырғанда өзгеріссіз қалды.

Орташа жылдық шоғырлары: күкірт диоксиді – 2,4 ШЖШ_{о.т.}, азот диоксиді – 1,8 ШЖШ_{о.т.}, озон – 1,3 ШЖШ_{о.т.}, фторлы сутек – 1,4 ШЖШ_{о.т.} құрады, қалған ластағыш заттар ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Максималды бірлік шоғырлары: қалқыма бөлшектер (шаң) – 4,4 ШЖШ_{м.б.}, өлшенген бөлшектер (PM-10) – 3,3 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 11,4 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 5,7 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 2,8 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 2,7 ШЖШ_{м.б.}, озон – 8,6 ШЖШ_{м.б.}, күкіртсутек – 131,7 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 2,1 ШЖШ_{м.б.}, фторлы сутек – 1,9 ШЖШ_{м.б.}, күкірт қышқылы және сульфаттар – 1,7 ШЖШ_{м.б.}, формальдегид – 1,4 ШЖШ_{м.б.} құрады, қалған ластағыш заттар ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

5.2 Риддер қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (5.2-сур., 5.2-кесте).

5.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған	Островский көшесі, 13А	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид, күшала
6		сынама(дискретті әдіс)	Клинка көшесі, 7	

1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	9 мая көшесі,7	PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкіртті сутек, көмір сутегісінің соммасы, аммиак, метан
---	-------------------	-------------------	----------------	--



5.2-сурет. Риддер қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері (5.2-сур.) бойынша қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды. Ол АЛИ=5 (көтеріңкі деңгей), СИ 5-ке (жоғары деңгей), ЕЖҚ 22%-ға (жоғары деңгей) күкіртсутек бойынша (№3 бекет ауданында) тең мәндерімен анықталды.

Жалпы қала бойынша орташа шоғырлар озон – 1,3 ШЖШ_{0,т.}, басқа ластаушы заттар – ШЖШ дан аспады.

Максималды бірлік шоғырлары: PM-10 қалқыма бөлшектер – 3,3 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 3,0 ШЖШ_{м.б.}, күкіртсутек – 5,0 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 1,4 ШЖШ_{м.б.} құрады, қалған ластағыш заттар ШЖШ дан аспады (кесте 1).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.


5.3 Семей қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (5.3-сур., 5.3 -кесте).

5.3 - кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Рысқұлов пен Глинка көшелерінің қиылысы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді
4			343 квартал (балабақша ауданы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Найманбаев көшесі, 189	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, күкіртті сутек, аммиак, көмірсутегісінің сомасы, метан
3			Аэрологиялық станция, 1	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді мен оксиді, озон, аммиак



5.3-сурет. Семей қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің (5.3 сур.) деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды. Ол АЛИ=5 (көтеріңкі деңгей), СИ 3-ке (көтеріңкі деңгей), ЕЖҚ 9%-ға (көтеріңкі деңгей) фенол бойынша (№4 бекет ауданында) тең мәндерімен анықталды (сурет 1, 2).

Орташа жылдық шоғырылар фенол бойынша 1,7 ШЖШ_{от.} құрады, басқа ластанушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды бірлік шоғырылар: қалқыма бөлшектер (шаң) – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, қалқыма бөлшектер (PM-2,5) – 3,3 ШЖШ_{м.б.}, қалқыма бөлшектер (PM-10) – 1,8 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді - 2,1 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 1,1 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 3,1 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластанушы заттар ШЖШ-дан аспады (кесте 1).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.

5.4 Глубокое кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (5.4-сур., 5.4-кесте).

5.4 - кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Ленин көшесі,15	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, азот диоксиді, фенол, күшала, гамма-фон.
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Попович көшесі, 9 «А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкіртті сутегі, көмір сутегісінің сомасы, аммиак, метан



5.4 сур. Глубокое кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің (5.4-сур.) деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды. Ол АЛИ=5 (көтеріңкі деңгей), (№2 бекет ауданында) аммиак бойынша СИ 6-ға (жоғары деңгей), күкіртсутек бойынша (№2 бекет ауданында) ЕЖҚ 7%-ға (көтеріңкі деңгей) тең мәндерімен анықталды (сурет 1, 2).

Орташа жылдық шоғыры озон бойынша - 1,5 ШЖШ_{о.т.} құрады, қалған ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды бірлік шоғырлар: (PM-2,5) қалқыма бөлшектер – 2,3 ШЖШ_{м.б.}, (PM-10) қалқыма бөлшектер – 1,6 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 3,9 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,6 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 2,6 ШЖШ_{м.б.}, күкіртсутек – 3,6 ШЖШ_{м.б.}, аммиак – 5,8 ШЖШ_{м.б.} құрады, қалған ластағыш заттар ШЖШ-дан аспады (кесте 1).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.


5.5 Зырянск қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (5.5-сур., 5.5-кесте).

5.5- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Партизанская көшесі, 118	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді



5.5 сур. Зырянговск қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің (5.5 сур.) деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды. Ол АЛИ=5 (көтеріңкі деңгей), (№1 бекет ауданында) азот оксиді бойынша СИ 3-ке (көтеріңкі деңгей), ЕЖҚ 0%-ға (төмен деңгей) тең мәндерімен анықталды (сурет 1, 2).

Жалпы қаланың бақылау желісінің деректері бойынша анықталатын қоспалардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлар азот оксидінің – 2,6 ШЖШ_{м.б.} құрады, қалған ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.

5.6 Зырян қаласының эпизодтық бақылау мәліметтері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Зырян қаласында атмосфералық ауаның ластануын бақылау 2 нүктеде жүргізілді (№1 нүкте – Советская к., 38; №2 нүкте – Геологическая к., 38).

Өлшенген бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенолдың концентрациялары мен экспозициялық дозаның күші (радиациялық гамма-фон) өлшенді.

Зырян қаласы бойынша радиациялық гамма-фонның орташа деңгейі 0,13 мкЗв/ч құрады.

Бақылау деректері бойынша ластанушы заттардың концентрациялары шекті рұқсат етілген шамасында болды (кесте 1.2).

Зырян қаласында бақылау деректері бойынша ластағыш заттардың максималды шоғыры

Ластағыш заттар	Бақылау нүктелері			
	№ 1		№ 2	
	qm мг/м3	qm/ПДК	qm мг/м3	qm/ПДК
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,15	0,3	0,15	0,3
Азот диоксиді	0,125	0,625	0,125	0,625
Күкірт диоксиді	0,0895	0,179	0,0825	0,179
Көміртегі оксиді	1	0,2	1	0,2
Фенол	0,004	0,4	0,005	0,5

5.7 Шемонаиха қаласының эпизодтық бақылау мәліметтері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Шемонаиха қаласында атмосфералық ауаның ластануын бақылау 2 нүктеде жүргізілді (№1 нүкте – Чапаев к., 41; №2 нүкте – Вокзальная к., 2).

Өлшенген бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенолдың концентрациялары мен экспозициялық дозаның күші (радиациялық гамма-фон) өлшенді.

Шемонаиха қаласы бойынша радиациялық гамма-фонның орташа деңгейі 0,13 мкЗв/ч құрады.

Бақылау деректері бойынша ластағыш заттардың концентрациялары шекті рұқсат етілген шамасында болды (кесте 1.2).

1.2-кесте

Шемонаиха қаласында бақылау деректері бойынша ластағыш заттардың максималды шоғыры

Ластағыш заттар	Бақылау нүктелері			
	№ 1		№ 2	
	qm мг/м3	qm/ПДК	qm мг/м3	qm/ПДК
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,15	0,3	0,15	0,3
Азот диоксиді	0,115	0,575	0,18	0,9
Күкірт диоксиді	0,0555	0,111	0,057	0,114
Көміртегі оксиді	1	0,2	1	0,2
Фенол	0,004	0,4	0,004	0,4

5.8 Шығыс Қазақстан облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 4 метеостанцияда (Риддер, Семей, Үлкен Нарын, Өскемен) алынған жаңбыр суына сынама алумен (5.6-сур.) жүргізілді.

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 38,2 %, сульфаттар 22,59 %, кальций иондары 13,97 %, хлоридтер 8,34 %, натрий 5,6 % болды.

Ең үлкен жалпы минералдылығы Өскемен МС – 48,65 мг/л, ең азы Үлкен Нарын МС – 16,49 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электр өткізгіштігі 26,86 мкСм/см-ден (Үлкен Нарын МС) 76,30 мкСм/см (Риддер МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы әлсіз қышқыл және орташа аз сипатта болып, 5,6 (Үлкен Нарын МС) – 6,6 (Риддер МС) аралығында болды.

5.9 Шығыс Қазақстан облысы бойынша 2017-2018 жж.арналған қар жамылғысының химиялық құрамы

Қар жамылғысының химиялық құрамына бақылау 6 метеостанцияда (Үлкен Нарын, Зайсан, Риддер, Семей, Семейка, Шемонаиха) (5.6-сур.) жүргізілді.

Қар жамылғысы құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Қар жамылғысы сынамаларында гидрокарбонаттар 28,61 %, сульфаттар 15,01 %, кальций иондары 10,54 %, хлоридтер 6,27 %, натрий ионы 3,97 %, нитраттар 2,33 %, калий ионы 2,06 %, магний ионы 1,41 % болды.

Ең үлкен жалпы минералдылығы Зайсан МС – 54,51 мг/л, ең азы Үлкен Нарын МС – 11,10 мг/л белгіленді.

Қар жамылғысының үлесті электр өткізгіштігі 19,2 мкСм/см-ден (Үлкен Нарын МС) 76,3 мкСм/см (Семипалатинск МС) дейінгі шекте болды.

Түскен қар сынамаларындағы қышқылдық әлсіз қышқыл және орташа аз сипатта болып, 5,01 (Үлкен Нарын МС) – 6,42 (Зайсан МС) аралығында болды.



5.9 сур. Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

5.10 Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 12 су нысанында жүргізіледі (Қара Ертіс, Ертіс, Бреска, Тихая, Үлбі, Глубочанка, Красноярка, Оба, Бұқтырма, Емел, Аягөз өзендері, Бұқтырма және Өскемен су қоймасы).

Қара Ертіс өзенінде су температурасы $0,1\text{ }^{\circ}\text{C}$ – $21,0\text{ }^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші 7,30, судағы еріген оттегінің шоғыры $11,77\text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ $2,23\text{ мг/дм}^3$. Ауыр металдар (мыс (2+)) 1,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Ертіс өзенінде су температурасы $0,1\text{ }^{\circ}\text{C}$ – $20,0\text{ }^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші 7,75, судағы еріген оттегінің шоғыры $10,26\text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ $1,57\text{ мг/дм}^3$. Ауыр металдар (мыс (2+)) 2,5 ШЖШ, мырыш (2+) 1,9 ШЖШ, марганец (2+) 1,4 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Бұқтырма өзенінде су температурасы $0,1\text{ }^{\circ}\text{C}$ – $19,6\text{ }^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші 7,87, судағы еріген оттегінің шоғыры $10,05\text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ $1,42\text{ мг/дм}^3$. Биогенді заттар (жалпы темір 1,3 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)) 2,5 ШЖШ, марганец (2+) 1,7 ШЖШ, мырыш (2+) 1,6 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Бреска өзенінде су температурасы $0,1\text{ }^{\circ}\text{C}$ – $19,2\text{ }^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші 7,69, еріген оттегінің шоғыры $10,22\text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ $1,32\text{ мг/дм}^3$. Биогенді заттар (жалпы темір 2,6 ШЖШ, нитритті азот 1,6 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш 9,1 ШЖШ, марганец (2+)) 5,0 ШЖШ, мыс (2+) 3,8 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Тихая өзенінде су температурасы $0,1\text{ }^{\circ}\text{C} - 18,0\text{ }^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші 7,52, судағы еріген оттегінің шоғыры $9,87\text{ мг/дм}^3$, OBT_5 $1,71\text{ мг/дм}^3$. Биогенді заттар (нитритті азот 2,3 ШЖШ, жалпы темір 1,8 ШЖШ, тұзды аммоний 1,7 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+) 9,0 ШЖШ, марганец (2+) 7,3 ШЖШ, мыс (2+) 4,6 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Үлбі өзенінде су температурасы $0,1\text{ }^{\circ}\text{C} - 21,0\text{ }^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші 7,63, судағы еріген оттегінің шоғыры $10,34\text{ мг/дм}^3$, OBT_5 $1,60\text{ мг/дм}^3$. Биогенді заттар (жалпы темір 1,5 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+) 15,1 ШЖШ, марганец (2+) 6,4 ШЖШ, мыс (2+) 3,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Глубочанка өзенінде су температурасы $0,1\text{ }^{\circ}\text{C} - 19,2\text{ }^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші 8,20, судағы еріген оттегінің шоғыры $9,42\text{ мг/дм}^3$, OBT_5 $1,57\text{ мг/дм}^3$. Биогенді заттар (нитритті азот 1,9 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+) 10,5 ШЖШ, марганец (2+) 6,6 ШЖШ, мыс (2+) 4,8 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Красноярка өзенінде су температурасы $0,1\text{ }^{\circ}\text{C} - 22,4\text{ }^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші 8,14, судағы еріген оттегінің шоғыры $10,22\text{ мг/дм}^3$, OBT_5 $1,43\text{ мг/дм}^3$. Ауыр металдар (мырыш (2+) 20,2 ШЖШ, марганец (2+) 6,5 ШЖШ, мыс (2+) 4,8 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Оба өзенінде су температурасы $0,1\text{ }^{\circ}\text{C} - 23,6\text{ }^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші 7,83, судағы еріген оттегінің шоғыры $10,02\text{ мг/дм}^3$, OBT_5 $1,46\text{ мг/дм}^3$. Биогенді заттар (жалпы темір 1,6 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 2,9 ШЖШ, марганец (2+) 2,2 ШЖШ, мырыш (2+) 1,8 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Емел өзенінде су температурасы $0,1\text{ }^{\circ}\text{C} - 25,3\text{ }^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші 8,28, судағы еріген оттегінің шоғыры 8,28, OBT_5 $1,20\text{ мг/дм}^3$. Негізгі иондар (сульфаттар 1,5 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 1,4 ШЖШ, марганец (2+) 1,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Аягөз өзенінде су температурасы $13,6\text{ }^{\circ}\text{C} - 20,2\text{ }^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші 8,56, судағы еріген оттегінің шоғыры $8,95\text{ мг/дм}^3$, OBT_5 $2,03\text{ мг/дм}^3$. Негізгі иондар (сульфаттар 1,1 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+) 1,6 ШЖШ, мыс (2+) 1,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Марқакөл көлінде су температурасы $2,6\text{ }^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші 7,36, судағы еріген оттегінің шоғыры $8,73\text{ мг/дм}^3$, OBT_5 $1,08\text{ мг/дм}^3$. Биогенді заттар (жалпы темір 2,7 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 1,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.


Бұқтырма су қоймалары температурасы $12,8-25,0\text{ }^{\circ}\text{C}$, сутегі көрсеткіші 8,12, еріген оттегінің судағы шоғыры $8,89\text{ мг/дм}^3$, OBT_5 $1,57\text{ мг/дм}^3$. Ауыр металдар (мыс (2+) 1,8 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Өскемен су қоймалары температурасы $8,8\text{ }^{\circ}\text{C} - 16,4\text{ }^{\circ}\text{C}$, сутегі көрсеткіші 8,06, еріген оттегінің судағы шоғыры $9,61\text{ мг/дм}^3$, OBT_5 $1,42\text{ мг/дм}^3$. Ауыр металдар (мыс (2+) 1,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.


Су нысандары суының сапасы келесідей бағаланады: «ластанудың орташа деңгейіндегі» – Бұқтырма, Оба, Қара Ертіс, Ертіс, Емел, Аягөз өзендері, Марқакөл көлі, Бұқтырма және Өскемен су қоймалары; «ластанудың жоғары деңгейінде» – Брекса, Тихая, Глубочанка, Үлбі, өзендері; «ластанудың өте жоғары деңгейінде» - Красноярка өзені.

2017 жылмен салыстырғанда Қара Ертіс, Бұқтырма, Ертіс, Брекса, Тихая, Үлбі, Глубочанка, Оба, Емел, Аягөз өзендерінде, Бұқтырма және Өскемен су қоймаларында айтарлықтай өзгермеген; Марқакөл көлінде және Красноярка өзенінде – нашарланған.

2018 жылы облыс аумағында келесі ЖЛ және ЭЖЛ жағдайлары тіркелді: Брекса өзені - 12 ЖЛ жағдайы, Тихая өзені - 10 ЖЛ жағдайы, Үлбі өзені - 19 ЖЛ және 3 ЭЖЛ жағдайлары, Глубочанка өзені - 14 ЖЛ және 1 ЭЖЛ жағдайлары, Красноярка өзені - 13 ЖЛ және 1 ЭЖЛ жағдайлары тіркелді (5-кесте).



5.7 сур. Аягөз, Емел өзендері мен ШҚО Марқакөл көлі жер үсті су сапасының сипаттамасы



Условные обозначения:

Характеристика качества воды:	★ Высокое загрязнение (ВЗ)
■ Нормативно-чистая	★ Экстримально высокое загрязнения (ЭВЗ)
■ Умеренного уровня загрязнения	— Реки
■ Высокого уровня загрязнения	— Озера и водохранилища
■ Чрезвычайно высокого уровня загрязнения	28 Пунт контроля качества воды


5.8 сур. Шығыс Қазақстан облысы жер үсті су сапасының сипаттамасы



Условные обозначения:

Характеристика качества воды:	■ Умеренного уровня загрязнения
● Пунт контроля качества воды	— Озера и водохранилища
— Реки	

5.9 сур. Шығыс Қазақстан облысы Бұқтырма су қоймасы жер үсті су сапасының сипаттамасы



5.10 сур. Шығыс Қазақстан облысы Өскемен су қоймасы жер үсті су сапасының сипаттамасы

5.11 Гидробиологиялық және токсикологиялық, гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша ШҚО аумағындағы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

2018 ж. қаңтар айынан желтоқсан айына дейінгі жоғарғы Ертіс алабы ағын суларының суы токсикологиялық көрсеткіштер бойынша бірыңғай емес. Қара Ертіс, Еміл, Ертіс, Бұқтырма, Оба, Үлбі (Өскемен қ.), Брекса, Тихая, Үлбі «Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100 м жоғары», Глубочанка және Красноярка «Ертіс кенішінен ағынды шаруашылық қалдық су төгінділерінен 1,5 км жоғары» өзендерінен алынған су сынамалары тірі ағзаларға өткір уытты әсер еткен жоқ. Өткір уыттылық келесі өзендерде тіркелді:

- Үлбі өз. «Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 4,8 км төмен; автожол көпірі маңындағы» тұстамада 2018 жыл бойынша өлген тест-объектілердің орташа мәні 66,9% құрады;

- Красноярка өз. «Березовка өз. құйылысынан 1 км төмен; автожол көпірі маңындағы» тұстамада өлген дафниялардың орташа мәні 2018 жыл бойынша 80,5% құрады;

2018 ж. сәуір-қазан айлар аралығында жоғарғы Ертіс алабы ағын суларының суы гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша бірыңғай емес. Перифитонның даму көрсеткіштері бойынша барлық өзендер «орташа ластанумен» сипатталады. Біршама төмен су сапасы Краснояр өзені мен Глубочанка өзендерінде тіркелді.

Макрозообентос көрсеткіштері бойынша «таза сулар» категориясына келесі өзендерді жатқызуға болады: Ертіс өз. «қала шегінде; Үлбі өзенінің құйылысынан 3,2 км төмен (09)», Бұқтырма, Брекса, Үлбі өз. «Тишинск кеніші шахталық сулары төгіндісінен 100 м жоғары», «Каменный карьер а. шегінде»; Глубочанка өз. «Белюсовка а. шегінде; Белюсовка а. тазалау құрылғыларының шаруашылық

қалдық сулары төгінділерінен 5,5 км жоғары» тұстамалары, Оба өзені. Су сапасының IV класына «ластанған сулар» категориясына Ертіс өз. «СЭС бөгетінен 0,8 км төмен» тұстамасы; Үлбі өзені «қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1 км жоғары (01); автожол көпірі маңында»; Глубочанка өз. «Белоусовка а. шегінде; ауылдың тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,5 км төмен» тұстамасы жатады. Қалған өзендер «орташа ластанумен» сипатталды (7, 7.1 -қосымшалар).

5.12 Шығыс Қазақстан облысы бойынша топырақтың жай-күйі

Көктем мезгілінде Өскемен қаласының түрлі аудандарынан алынған топырақ сынамаларында хром концентрациясы құрамы 0,2-5,1 мг/кг, мырыш – 16,8-509,9 мг/кг, қорғасын – 45,8-632,5 мг/кг және мыс – 2,1-19,0 мг/кг шамасында болды.

Түрлі аудандардағы ШЖШ асатын металл шоғырлары:

- Тракторная көшесі мен Абай даңғылы қиылысында қорғасын шоғыры – 16,2 ШЖШ, мыс – 6,3 ШЖШ, мырыш – 3,2 ШЖШ, кадмий – 19,4 ШЖШ;

- Рабочая және Бажова («Қазцинк» ЖШС 1 км ары) көшелері қиылысында мыс концентрациясы – 5,3 ШЖШ, мырыш – 22,2 ШЖШ, кадмий – 28,6 ШЖШ, қорғасын – 19,8 ШЖШ;

- Тәуелсіздік даңғылы автомагистралі ауданында (МАИ ауданы, «Қазцинк» ЖШС 3 км оңтүстік батысқа қарай) кадмий – 8,4 ШЖШ, қорғасын – 8,4 ШЖШ, мыс – 1,8 ШЖШ, мырыш – 1,3 ШЖШ;

- «Көк көлдер» саябағы ауданында («Қазцинк» ЖШС 3 км) кадмий – 1,7 ШЖШ, қорғасын – 1,4 ШЖШ;

- №34 мектеп аумағы («Қазцинк» ЖШС 3 км) қорғасын – 6,0 ШЖШ, мыс – 1,7 ШЖШ, мырыш – 3,1 ШЖШ, кадмий – 7,4 ШЖШ;

Топырақ сынамасындағы хром шоғыры рұқсат етілген норма көлемінде болды.

Күз мезгілінде Өскемен қаласының топырақ сынамаларында хром құрамы 1,2 - 2,2 мг/кг, мырыш – 25,5 - 995,9 мг/кг, қорғасын – 34,3 - 1791,1 мг/кг, мыс – 0,63 - 37,6 мг/кг шамасында болды.

Түрлі аудандардағы ШЖШ асатын металл шоғырлары:

- Тракторная көшесі мен Абай даңғылы қиылысы ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 56,0 ШЖШ, мыс- 11,7 ШЖШ, мырыш – 43,3 ШЖШ, кадмий - 39,0 ШЖШ артуы анықталды.

- Рабочая және Бажова («Қазцинк» ЖШС 1 км ары) көшелері қиылысы ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 8,2 ШЖШ, мырыш – 24,7 ШЖШ, кадмий - 22,0 ШЖШ, қорғасын – 16,7 ШЖШ артуы анықталды.

- Тәуелсіздік даңғылы автомагистралі ауданында (МАИ ауданы, «Қазцинк» ЖШС 3 км оңтүстік батысқа қарай) ауданындағы топырақ сынамасында кадмий - 17,1 ШЖШ, қорғасын - 9,6 ШЖШ, мыс – 1,6 ШЖШ, мырыш – 9,9 ШЖШ артуы анықталды.

-«Көк көлдер» саябағы («Қазцинк» ЖШС 3 км) ауданындағы топырақ сынамасында мырыш бойынша 1,1 ШЖШ, кадмий - 1,8 ШЖШ, қорғасын - 1,1 ШЖШ артуы анықталды.

-№34 мектеп («Қазцинк» ЖШС 3 км) ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын - 34,2 ШЖШ, мыс – 12,5 ШЖШ, мырыш – 36,2 ШЖШ, кадмий - 35,6 ШЖШ артуы анықталды.

Топырақ сынамасындағы хром шоғыры рұқсат етілген норма көлемінде болды.

Көктем мезгілінде Риддер қаласында түрлі аудандардан алынған топырақ сынамасында хром 0,7-3,5 мг/кг, мырыш – 30,6-42,6 мг/кг, қорғасын – 106,3-406,3 мг/кг, мыс – 1,25-7,01 мг/кг және кадмий – 2,0-10,84 мг/кг шамасында болды.

Қаладағы түрлі аудандарда ШЖШ артатын металл шоғырлары:

-Саябақ аумағы ауданында қорғасын концентрациясы – 4,2 ШЖШ, кадмий - 4,8 ШЖШ, мырыш – 1,3 ШЖШ;

- Мырыш зауытының санитарлы қорғау аймағында кадмий - 5,8 ШЖШ, қорғасын – 3,3 ШЖШ, мырыш – 1,6 ШЖШ;

- Қорғасын зауытының санитарлы қорғау аймағында кадмий - 21,7 ШЖШ, қорғасын – 12,7 ШЖШ, мыс- 2,3 ШЖШ, мырыш – 1,9 ШЖШ;

- №3 мектеп ауданында кадмий – 7,8 ШЖШ, қорғасын – 7,0 ШЖШ, мыс – 2,0 ШЖШ, мырыш – 1,6 ШЖШ;

- көлік саны көбірек ауданда кадмий - 4,0 ШЖШ, қорғасын – 6,4 ШЖШ, мырыш – 1,6 ШЖШ.

Күз мезгілінде Риддер қаласының топырақ сынамаларында хром құрамы 0,55 - 2,74 мг/кг, мырыш – 47,86 - 156,14 мг/кг, қорғасын – 195,68 - 343,58 мг/кг, мыс – 3,91 - 16,56 мг/кг, кадмий – 4,09 - 9,66 мг/кг шамасында болды.

-Саябақ аумағы ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша – 6,8 ШЖШ, мыс – 1,5 ШЖШ, мырыш – 2,1 ШЖШ, кадмий – 8,2 ШЖШ артуы анықталды.

-Мырыш зауытының санитарлы қорғау аймағындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 10,0 ШЖШ, мыс – 3,2 ШЖШ, мырыш – 6,7 ШЖШ, кадмий – 19,3 ШЖШ артуы анықталды.

-Қорғасын зауытының санитарлы қорғау аймағындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 10,7 ШЖШ, мыс – 3,9 ШЖШ, мырыш – 4,2 ШЖШ, кадмий – 17,3 ШЖШ артуы анықталды.

-№3 мектеп ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 8,4 ШЖШ, мыс – 5,5 ШЖШ, мырыш – 6,8 ШЖШ, кадмий – 8,9 ШЖШ артуы анықталды.

-Көлік саны көбірек ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 6,1 ШЖШ, мыс – 1,3 ШЖШ, мырыш – 3,8 ШЖШ, кадмий – 12,4 ШЖШ артуы анықталды.

Топырақ сынамасындағы хром шоғыры рұқсат етілген норма көлемінде болды.

Көктем мезгілінде Семей қаласында түрлі аудандардан алынған топырақ сынамаcында хром шоғыры 0,04-0,3 мг/кг, мырыш – 3,2-11,4 мг/кг, қорғасын – 4,3-37,6 мг/кг, мыс – 0,3-2,96 мг/кг, кадмий – 0,05-0,53 мг/кг шамасында болды.

«Семейцемент» СҚА ауданында (Глинки к., қашықтық көзден 1 км аралықта) кадмий – 1,1 ШЖШ;

Әуезов даңғылы ауданында қорғасын – 1,2 ШЖШ;

№3 мектептің ауданында (орталық қазандықтан 2 км) кадмий – 2,0 ШЖШ;

Автомагистраль (Қабанбай батыр к.) ауданында қорғасын – 1,6 ШЖШ шоғырлары құрады.

Автомагистраль мен орталық саябақ ауданында анықталатын барлық ауыр металдар концентрациялары норма шамасында болды.

Күз мезгілінде Семей қаласының топырақ сынамаларында хром шоғыры 0,7 - 2,8 мг/кг, мырыш – 11,7 - 44,6 мг/кг, қорғасын – 10,0 - 118,3 мг/кг, мыс – 0,63 - 3,42 мг/кг, кадмий – 0,15 - 1,08 мг/кг шамасында болды.

-«Семейцемент» СҚА ауданында (Глинки к., қашықтық көзден 1 км аралықта) қорғасын – 3,7 ШЖШ, мыс – 1,1 ШЖШ, мырыш – 1,9 ШЖШ;

-№3 мектептің ауданында (орталық қазандықтан 2 км) кадмий – 2,0 ШЖШ;

-Автомагистраль (Қабанбай батыр к.) ауданында қорғасын – 1,6 ШЖШ шоғырлары құрады.

Әуезов даңғылы ауданында және орталық саябақ ауданында анықталатын барлық ауыр металдар концентрациялары норма шамасында болды.

5.13 Шығыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны

Гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 17 метеорологиялық стансада (Ақжар, Аягөз, Дмитриевка, Баршатаc, Бақты, Зайсан, Жалғызтөбе, Қатон-Қарағай, Көкпекті, Күршім, Риддер, Самарка, Семей, Үлкен Нарын, Өскемен, Шар, Шемонаиха) бақылау жүргізілді (5.14 сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,05-0,25 мкЗв/чшегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,14 мкЗв/ч,яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді

5.14 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 7 метеорологиялық станцияда (Аягөз, Баршатаc, Бақты, Зайсан, Көкпекті, Семей, Өскемен) ауа сынамаcын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (5.14-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,6-3,5 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,3 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



5.14сур. Шығыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

6 Жамбыл облысының қоршаған орта жай-күйі


6.1 Тараз қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 5 стационарлық бекетте жүргізілді (6.1-сур., 6.1-кесте).

6.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Шымкент көшесі, 22	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, формальдегид, кадмий, кобальт, марганец, қорғасын
2			Рысбек батыр көшесі, 15, Ниетқалиев көшесінің бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлысутек, формальдегид
3			Абай және Төле би көшелерінің бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутек,формальдегид, бенз(а)пирен, кадмий, кобальт, марганец, қорғасын
4			Байзақ батыр көшесі, 162	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді,формальдегид
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Сәтбаев көшесі мен Жамбыл даңғылы	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, көміртегі диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртсутегі, аммиак



6.1 сур. Тараз қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2018 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.1сур.) қаланың атмосфералық ауасы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды. АЛИ=6 құрады, күкіртсутегі бойынша СИ=4 Сәтбаев көшесі аумағында (№6 ЛББ) және азот диоксиді бойынша ЕЖҚ=4% Абай және Төле би көшелерінің бұрышы аумағында (№3 ЛББ) анықталды.

Азот диоксидінің орташа шоғырлары 1,9 ШЖШ_{о.т.}, озон (жербеті). -1,3 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластанушы заттар мен ауыр металдар ШЖШ дан аспады.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) максималды-бір реттік шоғырлары – 2,0 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 2,2 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді– 3,2 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді– 2,5ШЖШ_{м.б.}, күкіртсутегі – 4,1ШЖШ_{м.б.}, фторлы сутегі – 1,15ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.


Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

6.2 Жанатас қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.2-сур., 6.2-кесте).

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссізрежимде	Тоқтаров көшесі, 27/1 және 27-а	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді және оксиді, озон (жербеті), аммиак



6.2-сурет. Жанатас қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2018 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі *төмен* болып бағаланды. АЛИ=4 (*төмен*) құрады, PM-2,5 қалқыма бөлшектері бойынша СИ=2 (*көтеріңкі*) және ЕЖҚ=0% (*төмен*) анықталды.

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

Озонның (жербеті) орташа шоғырлары 1,95 ШЖШ_{с.т.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

PM-2,5 қалқыма бөлшектері бойынша максималды бір-реттік шоғырлар -2,1 ШЖШ_{м.б.}, PM-10 қалқыма бөлшектері – 2,1 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


6.3 Қаратау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.3-сур., 6.3-кесте).

6.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Тамды әулие, №130	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, озон (жербеті)



6.3-сурет. Қаратау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2018 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.3-сур.) Қаратау қаласы атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды. АЛИ=5 құрады, СИ=4 PM-2,5 қалқыма бөлшектері бойынша және ЕЖҚ=1% PM-10 қалқыма бөлшектері бойынша анықталды.

PM-2,5 қалқыма бөлшектері бойынша орташа шоғырлар– 1,1 ШЖШ_{с.т.}, PM-10 қалқыма бөлшектері – 1,03 ШЖШ_{с.т.}, озон (жербеті) -2,1 ШЖШ_{с.т.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ дан аспады.

Озон (жербеті) бойынша максималды бір-реттік шоғырлар -3,6 ШЖШ_{м.б.}, PM-2,5 қалқыма бөлшектері -4,3 ШЖШ_{м.б.}, PM-10 қалқыма бөлшектері – 2,6 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді-1,02 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


6.4 Шу қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.4-сур., 6.4-кесте).

6.4- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Шу қалалық ауруханасының маңында	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді және оксиді, озон (жер беті), аммиак



6.4-сурет. Шу қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

8.17 Қарағанды облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күн сайын жергілікті 5 метеорологиялық стансада (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Керней,

Родниковский ауылы) және Қарағанды қаласының (№5 ЛББ), Теміртау қаласының (№2 ЛББ) 2 автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі (8.10 сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,05-0,40 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,16 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

8.18 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (8.10-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,7 – 3,3 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,2 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



8.10 сур. Қарағанды облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

9 Қостанай облысының қоршаған ортажай-күйі


9.1 Қостанай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (9.1-сур., 9.1-кесте).

9.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Қайырбеков көшесі, 379; тұрғын ауданы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді
3			Дошанов көшесі, 43, қала орталығы	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Бородина көшесі	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді
4			Маяков көшесі	



9.1-сурет. Қостанай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, ол АЛИ=5 (көтеріңкі деңгей), СИ=3 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=6% (төмен деңгей) анықталды (1,2-сур.).

Орташа шоғырлар: PM-2,5 қалқыма бөлшектері – 1,2 ШЖШ_{0,т.}, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлар РМ-10 қалқыма бөлшектері – 2,9 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 1,5 ШЖШ_{м.б.}, көміртег оксиді – 1,7 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,44 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 1,54 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


9.2 Рудный қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (9.2-сур., 9.2-кесте).

9.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Молодая Гвардия көшесі	РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді
6			мешіттің маңы	



9.2-сурет. Рудный қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.2 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, ол АЛИ=1 (төмен деңгей), СИ=2 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) анықталды (1,2-сур.).

Жалпы қала бойынша орташа шоғырлар барлық ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлар азот диоксиді– 1,29 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


9.3 Қарабалық кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (9.3-сур., 9.3-кесте).

9.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
13	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Гагарин көшесі, 40 «А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкіртті сутегі, аммиак



9.3 сур. Қарабалық кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.3-сур.) кентте атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, ол АЛИ=1 (төмен деңгей), СИ=2 (көтеріңкі деңгей), ЕЖҚ=1% (көтеріңкі деңгей) анықталды (1,2-сур.).

Жалпы кент бойынша орташа айлық шоғырлар барлық ластаушы заттар – ШЖШ дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлар РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 1,6 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, озон – 1,1 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


9.4 Арқалық қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (9.4-сур., 9.4-кесте).

9.4-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
11	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	АТЭК аймағында	РМ-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді
12			Арқалық МС аймағында	



9.4-сурет. Арқалық қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.4-сур.) кентте атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі *төмен* болып бағаланды, ол АЛИ=2 (төмен деңгей), СИ=2 (көтеріңкі деңгейі) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей).

Күкірт диоксидінің орташа шоғырлары – 1,31 ШЖШ_{0.т.}, басқа барлық ластанушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Азот диоксидінің максималды-бірлік шоғырлары 1,63 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

9.5 Жітіқара қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (9.5-сур., 9.5-кесте).

9.5-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
9	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	орталық базардың аймағында	PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді
10			Жітіқара М аймағында	



9.5-сурет. Жітіқара қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.5-сур.) кентте атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі *төмен* болып бағаланды, ол АЛИ=3 (төмен деңгей), СИ=2 (көтеріңкі деңгейі) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей).

Күкірт диоксидінің орташа шоғырлары – 2,2 ШЖШ_{от.}, басқа барлық ластанушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары: РМ-10 қалқыма бөлшектер – 1,5 ШЖШ_{м.б.} күкірт диоксиді – 1,0 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


9.6 Лисаковск қаласының атмосфералық ауасының ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (9.6-сур., 9.6-кесте).

9.6-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен Анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	Үзіліссіз режимде	Қызылжар гидрологиялық бөгенінің салыну аймағында	РМ-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді
8			«Лисаковсккомуннерго» МКМ аймағы, Тобыл көшесі	



9.6-сурет. Лисаковск қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.6-сур.) кентте атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **төменгі** болып бағаланды, ол АЛИ=4 (төменгі деңгей), СИ=1 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) анықталды.

Күкірт диоксиді орташа айлық шоғырлары – 3,8 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары: РМ-10 қалқыма бөлшектер – 1,12 ШЖШ_{м.б.} күкірт диоксиді – 1,19 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

9.7 Заречный кентінің эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауа жай-күйі

Заречный кентінде атмосфералық ауаның ластануына бақылау 1 нүктеде (*№1 – Заречный кенті*) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шан), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксиді, сутегі күкірті, көмірсутектер және озон өлшенді.

Бақылау деректері бойынша қалған анықталатын заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (9.7-кесте).

Заречный кентінің бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	Сынама нүктелер	
	№1	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,08	0,16
Азот диоксиді	0,34	1,68
Күкірт диоксиді	0,19	0,37
Көміртегі оксиді	0,16	0,00
Азот оксиді	0,18	0,49
Сутегі күкірті	0,011	1,41
Озон	0,02	0,10
Көмірсутектер	1,89	0,00

9.8 Дружба кентінің эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауа жай-күйі

Дружба кентіндеатмосфералық ауаның ластануына бақылау 1 нүктеде (№1 – Дружба кенті) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксиді, сутегі күкірті, көмірсутектер және озон өлшенді.

Бақылау деректері бойынша қалған анықталатын заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (9.8-кесте).

Дружба кентінің бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	Сынама нүктелер	
	№1	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,1	0,2
Азот диоксиді	0,12	0,61
Күкірт диоксиді	0,52	1,03
Көміртегі оксиді	0,45	0,1
Азот оксиді	0,25	0,62
Сутегі күкірті	0,008	1,00
Озон	0,01	0,05
Көмірсутектер	0,04	0,00

9.9 Қостанай облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау Қостанай метеостанциясында алынған жаңбыр суына сынама алумен (9.4 сур.) жүргізілді.

Қостанай МС жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырларышекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 35,6 %, сульфаттар 22,0 %, хлоридтер 11,7 %, кальций иондары 10,6 %, натрий иондары 7,2 %, болды.

Ең үлкен жалпы минерализация 61,5 мг/л, электрөткізгіштік – 97,02 мкСм/см құрады.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы сілтісі аз сипатта болды (6,2).

9.10 Қостанай облысы бойынша 2017-2018 жж. арналған қар жамылғысының химиялық құрамы

Қар жамылғысының химиялық құрамына бақылау 3 метеостанцияда (Қостанай, Арқалық, Тобыл) (9.4-сурет) жүргізілді.


Қар жамылғысы құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырларышекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Қар жамылғысы сынамаларында гидрокарбонаттар 49,38 %, сульфаттар 15,85 %, хлоридтер 5,33 % кальций иондары 17,19 %, аммоний 6,87 %, натрий иондары 4,41 % басым болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Арқалық МС – 63,74 мг/л, ең азы Тобол МС - 12,67 мг/л белгіленді.

Қар жамылғысының үлесті электр өткізгіштігі 21,1 мкСм/см-ден (Тобол МС) 88,7 мкСм/см (Арқалық МС) дейінгі шекте болды.

Түскен қар сынамаларындағы қышқылдық әлсіз қышқыл, орташа және сілтісі аз сипатта болып, 4,91 (Қостанай МС) – 6,74 (Арқалық МС) аралығында болды.



9.4 сур. Қостанай облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

9.11 Қостанай облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

Қостанай облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 9 су нысанында: Тобыл, Әйет, Тоғызақ, Обаған, Үй, Желқуар өзендері, Амангелді, Қаратомар, Жоғарғы Тобыл су қоймаларында.

Тобыл өзенінде су температурасы 0-26,1 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,81 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 8,29 мг/дм³, ОБТ5 2,35 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 2,3 ШЖШ, магний 1,2 ШЖШ), биогендік заттар (жалпы темір 2,0 ШЖШ, тұзды амоний 1,1 ШЖШ) ауыр металдар (мыс 1,7 ШЖШ, мырыш 2,7 ШЖШ, никель 6,1 ШЖШ, марганец 3,4 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Әйет өзенінде су температурасы 0-20,8 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,72 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 9,01 мг/дм³, ОБТ5 2,94 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 1,9 ШЖШ, магний 1,2 ШЖШ), биогендік заттар (жалпы темір 3,1 ШЖШ, тұзды амоний 1,5), ауыр металдар (мыс 1,4 ШЖШ, мырыш 3,0, никель 5,9 ШЖШ, марганец 2,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Тоғызақ өзенінде су температурасы 0-21,6 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,86 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 11,04 мг/дм³, ОБТ5 4,20 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 2,8 ШЖШ, магний 1,6 ШЖШ), биогендік заттар (жалпы темір 2,9 ШЖШ, тұзды амоний 1,4), ауыр металдар (мыс 2,5 ШЖШ, мырыш 3,9 ШЖШ, никель 7,3 ШЖШ, марганец 3,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Обаған өзенінде су температурасы 0-21 °С, сутегі көрсеткіші 7,92 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 9,93 мг/дм³, ОБТ5 3,43 мг/дм³. Негізгі иондар (кальций 1,1 ШЖШ, сульфаттар 8,2 ШЖШ, магний 5,3 ШЖШ хлоридтер 5,4 ШЖШ), биогендік заттар (тұзды амоний 2,8 ШЖШ, жалпы темір 3,2) ауыр металдар (мыс 4,0 ШЖШ, мырыш 2,6 ШЖШ, никель 6,7 ШЖШ, марганец 4,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Уй өзенінде судың температурасы 7,7 °С, сутегі көрсеткіші 7,80 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 7,41 мг/дм³, ОБТ5 3,05 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 2,8 ШЖШ, магний 1,2 ШЖШ), биогендік заттар (нитрит азоты 1,3 ШЖШ, жалпы темір 2,6 ШЖШ, тұзды амоний 1,2 ШЖШ), ауыр металдар (мыс 3,0, мырыш 2,0 ШЖШ, никель 6,3 ШЖШ, марганец 6,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Желқуар өзенінде судың температурасы 0-22,1 °С, сутегі көрсеткіші 7,67 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 9,15 мг/дм³, ОБТ5 3,02 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 2,4 ШЖШ, магний 1,3 ШЖШ), биогендік заттар (жалпы темір 2,5 ШЖШ, тұзды амоний 1,1 ШЖШ), ауыр металдар (мыс 6,2, никель 5,1 ШЖШ, мырыш 3,6 ШЖШ, марганец 30,8 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Аманкелді су қоймасында су температурасы 0-25,1 °С, сутегі көрсеткіші 7,70 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 9,07 мг/дм³, ОБТ5 2,97 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 2,0 ШЖШ), биогендік заттар (жалпы темір 1,3) ауыр металдар (мыс 3,2 ШЖШ, мырыш 1,9 ШЖШ, никель 4,9 ШЖШ, марганец 2,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Қаратомар су қоймасында су температурасы 0-24,1°С, сутегі көрсеткіші 7,88 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 11,68 мг/дм³, ОБТ5 2,22 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 1,5 ШЖШ), биогендік заттар (жалпы темір 1,3 ШЖШ), ауыр металдар (мыс 1,8, мырыш 2,1 ШЖШ, никель 5,4 ШЖШ, марганец 1,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Жоғарғы Тобыл су қоймасында судың температурасы 0-24,1 °С, сутегі көрсеткіші 7,84 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 9,75 мг/дм³, ОБТ5 1,65 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 2,1 ШЖШ), биогендік заттар (жалпы темір 1,5 ШЖШ), ауыр металдар (мыс 2,3 мырыш 2,6 ШЖШ, никель 6,6 ШЖШ, марганец 2,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.


Қостанай облысының аймағында су сапасы келесідей бағаланады: *«ластанудың орташа деңгейіне»* су - Тобыл, Әйет, Тоғызақ, Уй өзендері, Аманкелді, Қаратомар, Жоғарғы Тобыл су қоймалары; *«ластанудың жоғары деңгейіне»* - Желқуар, Обаған өзендері жатады.

2017 жылымен салыстырғанда су сапасы Тоғызақ, Уй, Обаған өзендерінде, Аманкелді, Жоғарғы Тобыл су қоймаларында айтарлықтай өзгерген жоқ; Тобыл, Әйет, Қаратомар су қоймасында жақсарған; Желқуар өзенінде нашарлаған.

Оттегіні 5 тәулік ішінде биохимиялық тұтыну бойынша су сапасы келесідей бағаланды: *«нормативті таза»* - Тобыл, Желқуар, Әйет, Уй өзендері, Аманкелді, Қаратомар, Жоғарғы Тобыл су қоймалары; *«ластанудың орташа деңгейінде»* - Тоғызақ, Обаған өзендері.

2017 жылымен салыстырғанда ОБТ5 бойынша су сапасы Тобыл, Тоғызақ, Желқуар өзендерінде, Аманкелді, Қаратомар, Жоғарғы Тобыл су қоймаларында – айтарлықтай өзгерген жоқ; Обаған өзенінде – нашарлаған; Әйет, Үй өзендерінде – жақсарған.

Облыс аумағында 2018 жылы келесі ЖЛ және ЭЖЛ жағдайлары тіркелді: Желқуар өзені - 1 ЭЖЛ жағдайы, Тобыл өзені - 1 ЖЛ жағдайы, Үй өзені - 1 ЖЛ жағдайы (5-кесте).



9.5 сур. Қостанай облысы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

9.12 Қостанай облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі

Көктем мезгілінде Қостанай қаласында түрлі аудандардан алынған топырақ сынамасында қорғасын құрамы – 10,86-38,30 мг/кг, мыс – 0,20-4,90 мг/кг, хром – 0,17-0,54 мг/кг, мырыш – 11,30-22,10 мг/кг, кадмий – 0,11-0,24 мг/кг шамасында өзгерді.

Кондитер фабрикасы ауданында қорғасын концентрациясы 1,2 ШЖШ, мыс - 1,6 ШЖШ құрады.

Қостанай темірбетоны зауыты аумағында және Шұға-мауыты комбинаты, «Жеңіс» саябағы және №31 мектеп аудандарында алынған топырақ сынамасында барлық анықталатын қоспалар құрамы рұқсат етілген норма көлемінде болды.

Күз мезгілінде Қостанай қаласында түрлі аудандардан алынған топырақ сынамаларында қорғасын құрамы – 10,5 - 27,9 мг/кг, мыс – 0,21-0,99 мг/кг, хром – 0,14-0,64 мг/кг, мырыш – 6,5-15,8 мг/кг, кадмий – 0,10-0,25 мг/кг шамасында

болды. Топырақ сынамаларында кадмий, қорғасын, мырыш, мыс және хром шоғырлары 0,04-19,2 мг/кг шегінде болды және рұқсат етілген нормадан аспады.

Көктем мезгілінде Варваринка кентінде қайық өткелі, мектеп аумағында, кенттің кіре беріс аумағы, сорғы станциясы және «Варваринская» АҚ үйінділері аудандарында алынған топырақ сынамасындағы кадмий, қорғасын, мырыш, мыс және хром концентрациялары 0,11 – 12,52 мг/кг шамасында болды және рұқсат етілген нормадан асуы байқалған жоқ.

Күз мезгілінде Варваринка кентінде қайық өткелі, мектеп аумағында, кенттің кіре беріс аумағы, сорғы станциясы және «Варваринская» АҚ үйінділері аудандарындағы сынамаларында топырақ шоғырлары кадмий, қорғасын, мырыш және хром болған шегінде 0,04-19,2 мг/кг нормадан аспады. Мектеп аумағында мыстың шоғырлануы 2,1 ШЖШ құрады.

Көктем мезгілінде Жітіқара кентінде Павловская көшесі (№2 орта мектеп), Жамбыл атындағы мәдениет және демалыс саябағы, Жеңіс саябағы, орталық гүл бағы және Партизанская көшесі аудандарындағы алынған топырақ сынамасында кадмий, қорғасын, мырыш, мыс және хром концентрациялары 0,19-31,30 мг/кг шамасында болып, рұқсат етілген норма көлемінен асуы байқалған жоқ.

Күз мезгілінде Жітіқара кентінде Павлов көшелері (№2 орта мектеп ауданында), жеңіс саябағы, Орталық сквер және Партизанская көшелері кадмий, қорғасын, мырыш, мыс және хром шоғырлары 0,19-39,3 мг/кг шегінде болды және берілген нормадан аспады. Жамбыл атындағы мәдениет және демалыс саябағы аумағында қорғасын 1,23 ШЖШ құрады.

Көктем мезгілінде Арқалық қаласында түрлі аудандардан алынған топырақ сынамаларында қорғасын 22,60-38,90 мг/кг, мыс – 0,90-4,10 мг/кг, хром – 0,36-1,60 мг/кг, мырыш – 13,60-26,40 мг/кг, кадмий – 0,2-0,40 мг/кг шамасында өзгерді.

Мира көшесіндегі Арқалық аудандық ауруханасының ауданында ауыр металдар концентрациясының рұқсат етілген норма көлемінен асуы байқалмады.

Ш. Уәлиханов атындағы №1 орта мектеп аумағында мыс концентрациясы 1,1 ШЖШ құрады.

«Алюминстрой» АҚ өнеркәсіптік аймағы (500 м ара қашықтықта) ауданында ауыр металдар концентрациясының рұқсат етілген норма көлемінен асуы байқалмады.

8 наурыз және Горбачев көшелері қиылысы бұрышында мыс 1,1 ШЖШ, мырыш - 1,0 ШЖШ деңгейінде болды.

Есіл қаласына бұрылатын автожол аумағында қорғасын концентрациясы 1,2 ШЖШ, мыс - 1,4 ШЖШ, мырыш - 1,1 ШЖШ тең болды.

Күз мезгілінде Арқалық қаласында түрлі аудандарда іріктелген топырақ сынамаларында қорғасынның құрамы 38,6-70,9 мг/кг, мыс – 1,02-2,76 мг/кг, хром – 0,45-1,70 мг/кг, мырыш – 18,9-30,4 мг/кг, кадмий – 0,15-0,43 мг/кг болды.

Арқалық аудандық ауруханасының Мир көшесі (ААА) ауданында 1,4 ШЖШ-ға тең қорғасын, 1,2 ШЖШ-ға тең мырыш шоғырлары артуы анықталды.

Ш. Уәлиханов атындағы №1 орта мектеп аумағында мыстың шоғырлануы 1,1 ШЖШ құрады. Қорғасын 1,4 ШЖШ, мырыш - 1,2 ШЖШ тең.

«Алюминстрой» АҚ өнеркәсіптік аймағы ауданында (500 м қашықтықта) қорғасын 1,5 ШЖШ, мырыш - 1,1 ШЖШ тең артуы анықталды.

Горбачев/8 Наурыз көшелерінің бұрышында 2,2 ШЖШ, мырыш - 1,1 ШЖШ тең қорғасын шоғырлары артуы анықталды.

Есіл қаласындағы бұрылыс автожолында 1,2 ШЖШ тең қорғасын шоғырлары артуы анықталды.

Көктем мезгілінде Лисаковск қаласында Жеңіс саябағы, №1 орта мектеп аумағында, Больничная көшесі (ластану көзі – сүт зауыты «ДЭП» ЖШС -200 м), Строительная көшесі (теміржол бекеті ауданы -10м) және Тобольская көшесі («Мирас» медорталық - 10м) аумағында алынған кадмий, қорғасын, мырыш және хром концентрациясы 0,11-30,20 мг/кг көлемінде болып, мыс концентрациясы 1,17-2,53 ШЖШ, мырыш - 1,0-1,3 ШЖШ құрады. Қалған анықталатын қоспалар құрамы рұқсат етілген норма көлемінде болды.

Күз мезгілінде Лисаковск қаласында Жеңіс саябағы аумағында, №1 орта мектеп, Больничная көшесі (ластану көзі – сүт зауыты ЖШС ДЭП - 200 м), Строительная көшесі (Теміржол вокзалы ауданы - 10м) және Тобольская көшесі (мед. аудан) кадмий, қорғасын, мырыш және хром шоғырлары 0,04-21,5 мг/кг шегінде болды, анықталатын қоспалардың шоғырлары рұқсат етілген норма шегінде болды.

Көктем мезгілінде Рудный қаласындағы түрлі аудандардан алынған топырақ сынамасында қорғасын концентрациясы 8,63-28,83 мг/кг, мыс 0,20-3,40 мг/кг, хром 0,10-1,37 мг/кг, мырыш 4,40-21,70 мг/кг, кадмий 0,10-0,34 мг/кг шамасында болды.

40 жылдық пен Топорков көшелері қиылысында («KEGOS» АҚ нан зауыты - 1 км) мыс концентрациясы 1,13 ШЖШ құрады. Қалған анықталатын қоспалар құрамы рұқсат етілген норма көлемінде болды.

Күз мезгілінде Рудный қаласындағы түрлі аудандарда іріктелген топырақ сынамаларында қорғасын мөлшері 12,64-28,76 мг/кг, мыс – 0,31-4,31 мг/кг, хром – 0,18-0,96 мг/кг, мырыш – 6,32-24,9 мг/кг, кадмий – 0,05-0,18 мг / кг болды. Топорков/Лизы Чайкина («KEGOS» АҚ, рудный автотранс, "Жилстрой, Рудный сүт зауыты" ЖШС) көшелері мыс 1,14 ШЖК, мырыш 1,1 ШЖК құрады.

9.13 Қостанай облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 6 метеорологиялық стансада (Жітіқара, Қараменді, Қарасу, Қарабалық, Қостанай, Сарықол)) және Қостанай қаласының (№2, №4 ЛББ), Рудный қаласының (№5 ЛББ) 3 автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі (9.14 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,07-0,21 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

9.14 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Қостанай облысының аумағында 2 метеорологиялық станцияда (Жітіқара, Қостанай) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (9.14-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8-3,7 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,2 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



9.14 сур. Қостанай облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

10 Қызылорда облысының қоршаған орта жай-күйі


10.1 Қызылорда қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3стационарлық бекетте жүргізілді (10.1-сур., 10.1-кесте).

10.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Шұғыла шағынауданы, 24-а үй, Мұратбаев көшесі	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутегі, формальдегид
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Нариманова к-сі, 6	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді
3			Сырдария өзенінің сол жағалауы, «Аэрологиялық станса»	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, формальдегид



10.1 сур. Қызылорда қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.1 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, АЛИ=5 (көтеріңкі деңгей) СИ=2 (көтеріңкі деңгей), ЕЖҚ=0% анықталды (1,2-сур.).

Жалпы қала бойынша ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Ластаушы заттардың максималды-бірлік шоғырлары: қалқыма бөлшектер РМ-2,5 – 1,64 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,05 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


10.2 Ақай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (10.2-сур., 10.2-кесте).

10.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Қорқыт-Ата көшесі, н/з	РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, формальдегид



10.2-сурет. Ақай кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.2-сур.) атмосфералық ауаның жалпы ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, АЛИ=4 (төмен деңгей), СИ=1 және ЕЖҚ=0% анықталды (1.2-сур.).

Жалпы кент бойынша орташа айлық шоғырлар: формальдегид – 1,75 ШЖШ_{о.т.}, озон- 0,99 ПДК_{с.с.}, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жалпы кент бойынша ластаушы заттардың максималды-бірлік шоғырлары: көміртегі оксиді – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, озон – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


10.3 Төретама кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (10.3-сур., 10.3-кесте).

10.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мұратбаев көшесі, 51 «А»	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, формальдегид



10.3-сурет. Төретама кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.3 сур.)атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі **төменгі** болып бағаланды, АЛИ=1(төменгі деңгей), СИ=1 және ЕЖҚ=0% анықталды (1,2-сур.).

Жалпы кент бойынша ластаушы заттардың орташа бірлік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жалпы кент бойынша ластаушы заттардың максималды-бірлік шоғырлары: азот диоксиді – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

10.4 Қызылорда қаласы мен Қызылорда облысының атмосфералық ауа жай-күйі (экспедиция)

Қызылорда қаласы бойынша атмосфералық ауаға жүргізілген маршруттық зерттеулер қалқыма заттардың, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің бар болуы норма шегінде болды (10.4 - сур., 10.4 - кесте).



10.4 сур. Қызылорда қаласы бойынша экспедициялық бақылаудың маршруттық бекеттерінің орналасу сызбасы

2018 жылдың 12 айында Қызылорда облысы бойынша жүргізілген экспедициялық зерттеулер бойынша қалқыма заттардың, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің бар болуы норма шегінде болды (1.2-кесте).

**2018 жылдың Қызылорда қаласының экспедициялық бақылау деректері бойынша
атмосфералық ауаның жай-күйіне сипаттама**

Нүктенің атауы	Максимальді-бір реттік шоғыр, ШЖШ															
	Қалқыма заттар				Күкірт диоксиді				Азот диоксиді				Көміртегі оксиді			
	2017 ж.		2018 ж.		2017 ж.		2018 ж.		2017 ж.		2018 ж.		2017 ж.		2018 ж.	
	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі
Оңтүстік өндірістік аймағы (ҚОТО)	0,04	0,1	0,06	0,1	0,032	0,1	0,056	0,1	0,04	0,2	0,05	0,3	0,6	0,1	1,3	0,3
	0,04	0,1	0,06	0,1	0,031	0,1	0,046	0,1	0,04	0,2	0,04	0,2	0,5	0,1	1,2	0,2
	0,04	0,1	0,07	0,1	0,035	0,1	0,054	0,1	0,04	0,2	0,04	0,2	0,5	0,1	1,0	0,2
Солтүстік өндірістік аймағы("ҚЖЭО")	0,05	0,1	0,06	0,1	0,033	0,1	0,048	0,1	0,04	0,2	0,04	0,2	0,5	0,1	1,0	0,2
	0,05	0,1	0,06	0,1	0,037	0,1	0,047	0,1	0,04	0,2	0,05	0,3	0,5	0,1	1,0	0,2
	0,05	0,1	0,06	0,1	0,032	0,1	0,048	0,1	0,04	0,2	0,04	0,2	0,4	0,1	1,0	0,2
«Сыбаға» базары	0,04	0,1	0,05	0,1	0,032	0,1	0,042	0,1	0,05	0,3	0,05	0,3	0,7	0,1	1,1	0,2
	0,03	0,1	0,06	0,1	0,028	0,1	0,054	0,1	0,04	0,2	0,04	0,2	0,7	0,1	1,0	0,2
	0,02	0,1	0,06	0,1	0,033	0,1	0,056	0,1	0,04	0,2	0,04	0,2	0,8	0,2	1,0	0,2
«Ақмешіт» шағынауданы	0,03	0,1	0,06	0,1	0,035	0,1	0,051	0,1	0,04	0,2	0,03	0,1	0,8	0,2	1,1	0,2
	0,03	0,1	0,06	0,1	0,030	0,1	0,049	0,1	0,04	0,2	0,04	0,2	0,7	0,1	1,1	0,2
	0,03	0,1	0,06	0,1	0,029	0,1	0,058	0,1	0,04	0,2	0,04	0,2	0,7	0,1	1,2	0,2
Орталық алаң	0,04	0,1	0,05	0,1	0,034	0,1	0,043	0,1	0,04	0,2	0,04	0,2	0,6	0,1	1,3	0,3
	0,04	0,1	0,06	0,1	0,029	0,1	0,042	0,1	0,03	0,1	0,04	0,2	0,5	0,1	1,2	0,2
	0,04	0,1	0,06	0,1	0,027	0,1	0,046	0,1	0,05	0,2	0,03	0,1	0,6	0,1	1,2	0,2

**2018 жылдың Қызылорда облысының эпизодтық бақылау деректері бойынша
атмосфералық ауаның жай-күйіне сипаттама**

Нүктенің атауы		Максимальді-бір реттік шоғыр, ШЖШ															
		Қалқыма заттар				Күкірт диоксиді				Азот диоксиді				Көміртегі оксиді			
		2017 ж.		2018 ж.		2017 ж.		2018 ж.		2017 ж.		2018 ж.		2017 ж.		2018 ж.	
		мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі
Жаңақорған	Аудан орталығы (Корасан ата к.)	0,05	0,1	0,06	0,1	0,063	0,1	0,057	0,1	0,05	0,3	0,04	0,2	0,4	0,1	0,8	0,2
	Базар (Манап Көкенов көшесі)	0,04	0,1	0,05	0,1	0,049	0,1	0,047	0,1	0,04	0,1	0,06	0,3	0,4	0,1	0,9	0,2
	Т/ж вокзал ы (Амангелді көшесі)	0,04	0,1	0,05	0,1	0,061	0,1	0,055	0,1	0,04	0,1	0,06	0,3	0,5	0,1	0,8	0,2
Шиелі	Аудан орталығы (Сәтбаев көшесі)	0,06	0,1	0,04	0,1	0,051	0,1	0,055	0,1	0,05	0,3	0,03	0,1	0,5	0,1	1,1	0,2
	Базар (Дәулеткерей көшесі)	0,05	0,1	0,04	0,1	0,040	0,1	0,041	0,1	0,05	0,3	0,03	0,1	0,4	0,1	0,9	0,2
	Т/ж вокзал ы (А. Байтұсынов к.)	0,05	0,1	0,05	0,1	0,043	0,1	0,045	0,1	0,05	0,3	0,04	0,2	0,4	0,1	0,8	0,2
Сырдария	Аудан орталығы (Қонаев көшесі)	0,04	0,1	0,02	0,1	0,040	0,1	0,056	0,1	0,04	0,1	0,02	0,1	0,4	0,1	1,0	0,2
	Базар (Керейтбаев көшесі)	0,08	0,2	0,03	0,1	0,038	0,1	0,061	0,1	0,04	0,1	0,02	0,1	0,4	0,1	1,1	0,2
	Т/ж вокзал ы (Алиакбаров көшесі)	0,10	0,2	0,03	0,1	0,048	0,1	0,070	0,1	0,05	0,3	0,02	0,1	0,4	0,1	1,0	0,2
Жалағаш	Аудан орталығы (Бұқарбай батыр көшесі)	0,06	0,1	0,02	0,1	0,045	0,1	0,083	0,2	0,04	0,1	0,03	0,1	0,5	0,1	0,9	0,2
	Базар (Абай көшесі)	0,05	0,1	0,04	0,1	0,039	0,1	0,073	0,1	0,04	0,1	0,02	0,1	0,5	0,1	1,3	0,3
	Т/ж вокзал ы (Қыстаубаев көшесі)	0,04	0,1	0,03	0,1	0,039	0,1	0,070	0,1	0,04	0,1	0,03	0,1	0,4	0,1	0,9	0,2
Қармақшы	Аудан орталығы (Қорқыт ата к.)	0,03	0,1	0,03	0,1	0,037	0,1	0,044	0,1	0,04	0,1	0,02	0,1	0,5	0,1	0,9	0,2
	Базар (Көшербаев көшесі)	0,03	0,1	0,04	0,1	0,024	0,1	0,054	0,1	0,04	0,1	0,02	0,1	0,5	0,1	0,9	0,2
	Т/ж вокзалы (Привокзальная к.)	0,04	0,1	0,04	0,1	0,023	0,1	0,051	0,1	0,03	0,1	0,02	0,1	0,4	0,1	0,9	0,2
Қазалы	Аудан орталығы (Әуезов к.)	0,06	0,1	0,03	0,1	0,034	0,1	0,074	0,1	0,04	0,1	0,03	0,1	0,6	0,1	1,0	0,2
	Базар (Счастнов көшесі)	0,06	0,1	0,03	0,1	0,033	0,1	0,045	0,1	0,04	0,1	0,03	0,1	0,5	0,1	1,0	0,2
	Т/ж вокзал ы (Әйтеке би көшесі)	0,06	0,1	0,03	0,1	0,028	0,1	0,052	0,1	0,04	0,1	0,03	0,1	0,5	0,1	1,0	0,2
Арал	Аудан орталығы (Абылай хан к.)	0,08	0,2	0,03	0,1	0,029	0,1	0,050	0,1	0,04	0,1	0,03	0,1	0,4	0,1	0,9	0,2
	Базар (Бақтыбай батыр көшесі)	0,05	0,1	0,05	0,1	0,029	0,1	0,042	0,1	0,03	0,1	0,04	0,2	0,5	0,1	0,9	0,2
	Т/ж вокзал ы (Жеңіске 50 жыл к.)	0,08	0,2	0,05	0,1	0,025	0,1	0,047	0,1	0,04	0,1	0,04	0,2	0,5	0,1	0,8	0,2

10.5 Қызылорда облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 3 метеостанцияда (Арал теңізі, Жусалы, Қызылорда) алынған жаңбыр суына сынама алумен (10.5-сурет) жүргізілді.

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті рұқсат етілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Жауын-шашын сынамаларында сульфаттар 31,22%, гидрокарбонаттар 26,02%, хлор 11,42 %, кальций иондары 9,83 %, натрий 8,33% басым болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Арал теңізі МС – 104,55 мг/л, ең азы Жусалы МС 33,76 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электр өткізгіштігі 67,20 мкСм/см-ден (Қызылорда МС) 194,24 мкСм/см (Арал теңізі МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын сынамаларында қышқылдық сілтiсi аз негiзiнде сипатта болып, 6,58 (Қызылорда МС) – 6,9 (Арал теңізі МС) аралығында өзгерді.



10.5- сурет. Қызылорда облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

10.6 Қызылорда облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Қызылорда облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 2 су нысанында жүргізіледі: Сырдария өзені және Арал теңізі.

Сырдария өзені суының температурасы 0-26,8°С, сутегі көрсеткішінің орташа мәні – 7,99, суда еріген оттегінің шоғыры 5,40 мг/дм³, ОБТ5 орта есеппен 1,21 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) 2,4 ШЖШ), негізгі иондар (сульфаттар 4,6 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір 1,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген


шоғырдан асқандығы тіркелді. Сырдария өзенінде органикалық хлор қосылыстары (ДДТ)¹ – 0,0158 мг/дм³, ДДЭ² – 0,045 мг/дм³ анықталды.

Арал теңізі суының температурасы 10,07°C, сутегі көрсеткіші – 8,01, суда еріген оттегінің шоғыры 5,26 мг/дм³, ОБТ5 1,17 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) 2,3 ШЖШ), негізгі иондар (сульфаттар 4,6 ШЖШ, магний – 1,1 ПДК), биогенді заттар (жалпы темір 1,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Сырдария өзені және Арал теңізі суының сапасы «ластанудың орташа деңгейінде» болып бағаланады.

2017 жылмен салыстырғанда Сырдария өзенінің және Арал теңізі су сапасы айтарлықтай өзгермеген.

2018 жылы Қызылорда облысы аумағындағы Сырдария өзенінде 4 экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелді (4-кесте).



10.6 Қызылорда облысы жер үсті су сапасының сипаттамасы

10.7 Қызылорда қаласы мен Қызылорда облысы бойынша шаруашылық-ауыз су және мәдени-тұрмыстық су пайдаланудың су сапасы

2017 жылдың 1 жарты жылдығына шаруашылық ауыз су санаты бойынша судың сынамасына қалалық су жинаудан (Тасбөгет кенті, Шүкіров көшесі) – су таратылатын су (тарататын жүйеге түспес бұрын), ашық су айдынынан (Сырдария өзенінен тазалауға және сүзгіге дейін келген су), жерасты көздерінен - терең ұңғымалардан (ұңғыма – 100-120 м су жинау) алынған су сынамаларына химиялық талдау жүргізу үшін алынды. Облыс аудандарында су сынамаларын таңдау - аудандық ашық су айдынынан (Сырдария өзенінен тазалауға және сүзгіге дейін келген су), жер асты көздерінен – терең ұңғымалардан, су құбыры және

орталықтандырылмаған сумен жабдықтау желісінен (құдықтар, тарту колонкалар) жүргізіледі.

Қалалық және аудандық су жинаудан, терең ұңғымалардан және орталықтандырылмаған сумен жабдықтау көздерінен алынған су сынамасы сапасының негізгі көрсеткіштері, шаруашылық ауыз су және мәдени – тұрмыстық су пайдаланудағы су объектілерінің судағы зиянды заттардың ШЖШ мәні, су құбыры үшін - ауыз суда құрамындағы зиянды заттардың гигиеналық нормативі (2 Қосымша) болып табылады.

2017 жылдың 1 жарты жылдығына Қызылорда қаласы бойынша ауыз судың төмен сапасы ашық су айдындарында бақыланды. Ашық су айдындарында түстілік -2,4 ШЖШ, лайлылық -1,1 ШЖШ, сульфаттар – 1,0 ШЖШ, құрғақ қалдық – 1,2 ШЖШ, магний – 1,2 ШЖШ құрады.

Терең ұңғымаларда арту келесі ингредиенттер: түстілік 1,4 ШЖШ бойынша бақыланды.

Су құбырындағы ауыз су сапасы: түстілігі 1,1 ШЖШ.

Қызылорда облысы бойынша ауыз судың негізгі ластаушылары – түстілік, лайлылық, тұтқырлық, сульфаттар, құрғақ қалдық, магний болып табылады.

Облыс бойынша ашық су айдындарында ШЖШ арту келесі ингредиенттер: лайлылық 1,0 - 1,2 ШЖШ, түстілік 1,0 - 2,2 ШЖШ, құрғақ қалдық 1,0 – 1,5 ШЖШ, сульфаттар 1,0 ШЖШ, тұтқырлық 1,1 -1,4 ШЖШ, магний 1,1- 1,2 ШЖШ бойынша бақыланды.

Терең ұңғымаларда арту келесі ингредиенттер: түстілік 1,4 ШЖШ бойынша бақыланды.

Облыс аумағы бойынша орталықтандырылмаған су көздерінде арту келесі ингредиенттер: түстілік 1,0 - 1,9 ШЖШ, лайлылық 1,0 – 1,3 ШЖШ, сульфаттар 1,0 ШЖШ, құрғақ қалдық 1,1 ШЖШ, тұтқырлық 1,0 – 1,2 ШЖШ, магний 1,1 - 1,3 ШЖШ бойынша бақыланды.

Ауыз судың жай-күйі сапасы бойынша 2017 жылдың 1 жарты жылдығынан 2016 жылдың 1 жарты жылдығымен салыстырғанда айтарлықтай өзгерістер бақыланды.

10.8 Қызылорда облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі

Көктем мезгілінде Қызылорда қаласындағы түрлі аудандардан алынған топырақ сынамасында хром - 0,06-1,2 мг/кг, қорғасын 13,9-35,6 мг/кг, мырыш – 7,4-15,2 мг/кг, кадмий – 0,16-0,26 мг/кг, мыс – 1,0-2,90 мг/кг шамасында өзгерді. Демалыс орны аумағында (пионер саябағы) қорғасын концентрациясы 1,1 ШЖШ, Теміржол бекеті аумағында қорғасын концентрациясы 1,3 ШЖШ, күл қоқыс үйінділері ауданынан (оңтүстікке 500 м) 1,1 ШЖШ болды.

Су жинайтын бөген (фильтрлеу алаңына шығу, бассейн бастамасы), Абай аулындағы суландыру алқабы ауданында алынған топырақ сынамасында ауыр металдар концентрациясы рұқсат етілген норма көлемінде болды.

Барлық нүктелердегі хром концентрациясы рұқсат етілген норма көлемінде болды.

Күз мезгілінде Қызылорда қаласындағы түрлі аудандардан алынған топырақ сынамаларында хром шоғыры 0,76 – 2,52 мг/кг, қорғасын 6,83 – 86,30 мг/кг, мырыш – 5,7-29,3 мг/кг, кадмий – 0,08-0,16 мг/кг, мыс – 0,92-3,30мг/кг шамасында болды.

Теміржол бекеті аумағындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 2,7 ШЖШ, мыс 1,1 ШЖШ, мырыш 1,3 ШЖШ артуы анықталды.

Күл-қоқыс үйінділері ауданындағы (оңтүстікке 500 м), су жинайтын бөген (фильтрлеу алаңына шығу, бассейн бастамасы), Абай аулындағы суландыру алқабы ауданындағы, демалыс орны аумағында (пионер саябағы) барлық ауыр металдар шоғыры норма шамасында болды.

Барлық нүктелердегі хром шоғыры норма шамасында болды.

Көктем мезгілінде Байқоңыр қаласындағы түрлі аудандардан алынған топырақ сынамасындағы хром концентрациясы 0,06-1,0 мг/кг, қорғасын 9,8-21 мг/кг, мырыш – 0,33-6,2 мг/кг, кадмий – 0,08-0,2 мг/кг, мыс – 0,2-2,1 мг/кг шамасында өзгеріп, рұқсат етілген нормадан аспады.

Күз мезгілінде Байқоңыр қаласындағы түрлі аудандардан алынған топырақ сынамаларындағы хром шоғыры 0,52-0,86 мг/кг, қорғасын – 10,6-55,8 мг/кг, мырыш – 4,2-11,3 мг/кг, кадмий – 0,05-0,13 мг/кг, мыс – 0,48-1,25 мг/кг шамасында болды.

Орталық базар (Абай даңғылы) бекеті аумағындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 1,7 ШЖШ артуы анықталды.

10.9 Эпизодтық бақылау деректері бойынша Қызылорда қаласының және Қызылорда облысының радиациялық гамма-фоны

Қызылорда қаласы және Қызылорда облысы бойынша радиациялық гамма-фон (экспозициялық доза қуаттылығы) шекті норма шегінде (0,05-0,23 мкЗв/сағ.) болды, бұл облыс тұрғындары үшін іс жүзінде қауіпті емес. (3.1., 3.2-кесте).

Техногенді сәулеленуінің негізгі реттелетін шамасы– 0,57 мкЗв/сағ дан аспайды.

2018 жылдың 12 айында 2017 жылдың 12 айымен салыстырғанда Қызылорда қаласы және Қызылорда облысы бойынша радиациялық гамма-фон мөлшері айтарлықтай өзгермеген.

10.10 Қызылорда облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 2 метеорологиялық станцияларда (Арал теңізі, Шиелі) және Қызылорда қаласы(№3 ЛББ)мен Ақай(№1 ЛББ),Төретам(№1 ЛББ)кенттерінің 3 автоматты бекетінде бақылау жүргізілді (10.4 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,04-0,18 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

10.11 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Қызылорда облысының аумағында 2 метеорологиялық станцияларда (Арал теңізі, Қызылорда) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (10.4-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,0-1,7 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,4 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



10.7 сур. Қызылорда облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостанцияларының орналасу сызбасы

11 Маңғыстау облысының қоршаған орта жай-күйі


11.1 Ақтау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (11.1-сур., 11.1-кесте).

11.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	1 шағынаудан, Жайық-Каспий экология департаментінің аумағында	қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, көмірсулар, аммиак, күкірт қышқылы
4			« Морпорт Ақтау» арнайы экономикалық аймағы (АЭА) аумағында	
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	12 шағын аудан	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкірттісутегі, көмірсутегісінің сомасы, аммиак, метан
6			31 шағынауданы, № 10 учаскесі	



11.1 сур. Ақтау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2018 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.1 сур.) қаланың атмосфералық ауасы

ластану деңгейі жоғары болып бағаланды. АЛИ=7 (жоғарғы деңгей) құрады. СИ=13 (өте жоғары деңгей) РМ-10 қалқыма бөлшектері бойынша № 5 бекет аумағында(12 шағын аудан,) және ЕЖҚ=1%(көтеріңкі деңгей) РМ-10 қалқыма бөлшектері бойынша № 5 бекет аумағында(12 шағын аудан) анықталды, (1,2-сур.).

*БҚ 52.04.667-2005 сәйкес, СИ>10 болса, ең болмаса біреуі бақылау мерзімінен СИ 10-нан көп болған кезде, ЕЖҚ орнына күндер саны анықталады.

2018 жылдың 26 мамырында №5 автоматты бекетінің деректері бойынша ЖЛ-дың 5 жағдайы (10,7-13,2 ШЖШ) РМ-10 қалқыма бөлшектерінде өлшенді (1-кесте).

Қалқыма бөлшектерінің (шаң)орташа шоғыры -1,2 ШЖШ_{о.т.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері - 1,0 ШЖШ_{о.т.}, озон (жербеті) – 1,2 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

РМ-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды-бірлік шоғыры -3,8 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 13,2 ШЖШ_{м.б.}, озон (жербеті)– 9,9 ШЖШ_{м.б.}, аммиак – 5,5 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


11.2 Жаңаөзен қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (11.2-сур., 11.2 - кесте).

11.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	әкімшіліктің маңы	РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкірттісутегі, көмірсутегісінің сомасы, аммиак, метан
2			метеостансаның маңы	



11.2 сур. Жаңаөзен қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2018 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.2 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі көтеріңкі болып бағаланды. АЛИ=5 (көтеріңкі деңгей) құрады. СИ=4 (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша № 1 бекет аумағында (әкімдіктің жанында), ЕЖҚ=3% (көтеріңкі деңгей) көміртегі оксиді бойынша № 2 бекет аумағында (ауа райы станциясының жанында) анықталды (1,2-сур.).

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ дан аспады.

Күкірт диоксидінің максималды-бірлік шоғырлары – 3,1 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді– 1,7 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді– 3,6 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді– 1,3 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 3,9 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

11.3 Бейнеу кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (11.3-сур., 11.3-кесте).

11.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Бейнеу ауданы, Восточная	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді

				мен оксиді, озон, күкіртті сутегі, аммиак
--	--	--	--	---



11.3 сур. Бейнеу кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. 2018 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.3 сур.) қаланың атмосфералық ауасы ластану деңгейі *жоғары* болып бағаланды. АЛИ= 7 (жоғарғы деңгей) құрады. СИ=5 (жоғары деңгей) РМ-2,5 қалқыма бөлшектері бойынша анықталды және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей).

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

РМ-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды-бірлік шоғырлары – 5,1 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 4,0 ШЖШ_{м.б.}, озон (жер беті) – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

11.4 Қошқар-Ата қалдық қоймасы аумағының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Атмосфералық ауаның ластануына бақылау «Қошқар-Ата» қалдық қоймасында жүргізілді. РМ-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, аммиактың, көмірсулар қосындысының шоғырлары өлшенді.

Барлық анықталатын ластаушы заттардың шоғырлары бақылау деректері бойынша шекті жол берілген шоғырдан аспады (11.4-кесте).

11.4-кесте

**«Қошқар-Ата» к/қ эпизодтық бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың
максимальды шоғыры**

Ластаушы заттар	Сынама нүктесі	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,103	0,34
Күкірт диоксиді	0,04	0,08
Көміртегі оксиді	1,89	0,38
Азот диоксиді	0,024	0,12
Азот оксиді	0,021	0,05
Күкіртесутегі	0,004	0,5
Көмір сутегісінің сомасы	24,3	-
Аммиак	0,03	0,16

**11.5 Баутина кенті аумағының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық
ауаның жай-күйі**

Атмосфералық ауаның ластануына бақылау Баутина кентінде жүргізілді. PM-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, аммиактың, көмірсулар қосындысының шоғырлары өлшенді.

Барлық анықталатын ластаушы заттардың шоғырлары бақылау деректері бойынша шекті жол берілген шоғырдан аспады (11.5-кесте).

11.5-кесте

**Баутина кентінің эпизодтық бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың
максимальды шоғыры**

Ластаушы заттар	Сынама нүктесі	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,079	0,26
Күкірт диоксиді	0,02	0,4
Көміртегі оксиді	1,56	0,31
Азот диоксиді	0,112	0,56
Азот оксиді	0,016	0,04
Күкіртесутегі	0,004	0,51
Көмір сутегісінің сомасы	7,8	-
Аммиак	0,019	0,095

**11.6 Маңғыстау облысының кен орындарындағы
атмосфералық ауа жай - күйі**

Доңға және Жетібай кенорындарының барлық нүктелерінде қалқыма заттардың, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, аммиактың, күкірт қышқылының және көмірсулар қосындысының максимальді шоғырлары шекті жол берілген нормадан аспады.

11.7 Маңғыстау облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 2 метеостанцияларда (Ақтау, Форт-Шевченко) алынған жаңбыр суына сынама алумен (11.4-сурет) жүргізілді.


Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 25,38 %, хлоридтер 18,97 %, сульфаттар 23,37 %, натрий иондары 11,75 %, калий иондары 4,08 %, кальций иондары 8,92 % болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Форт-Шевченко МС 186,3 мг/л, ең азы Ақтау МС– 64,7 мг/л құрады.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электрөткізгіштігі Ақтау МС – 100,0 мкСм/см, Форт-Шевченко МС– 328,6 мкСм/см құрады.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы сілтiсi аз сипатта болып, 6,7 (Ақтау МС)– 7,4 (Форт-Шевченко МС)аралығында болды.



11.4 сур. Маңғыстау облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

11.8 Маңғыстау облысы аумағындағы Орталық Каспий теңіз суының сапасы

Теңіз суы сапасына бақылау жүргізу келесі жағалық стансалар мен ғасырлық кескіндерде жүргізілді: Форт-Шевченко, Фетисов, Қаламқас, Қара бұғаз, «ММГ» АҚ жағалаулық дамба су айдыны, Құрық ауданы, Орталық және Оңтүстік Каспий

шекара аумағы, "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймақ су айдыны, Ақтау қ. ауданы, Қаражанбас және Арман кен орындары.

Орталық Каспий су температурасы 2,0-28,0°C, теңіз суы сутегі көрсеткіші – 8,20, суда еріген оттегі – 9,22 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,87 мг/дм³ болды. ШЖШ асу байқалмаған.

2018 жылы Орталық Каспийде су сапасы СЛКИ бойынша «*нормативті таза*» деп сипатталды. 2017 жылмен салыстырғанда теңіз суы сапасы өзгермеген.

11.9 Маңғыстау облысының жағалаулық станциялар мен кен орындары аумағындағы теңіз түпкі шөгінділердің ластану жай-күйі

(Форт–Шевченко, Фетисово, Қаламқас), жағалаулық стансаларда, (Арман, Қаражанбас) кен орындарында, «МаңғыстауМұнайГаз» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі «ММГ» АҚ) жағалауындағы бөген су айдынында, Орта Каспийдің Құрық кенті ауданында және Орта және Оңтүстік Каспийдің(Адамтас шамшырағы) шекаралық аумағында, Кара Богаз, "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағында теңіз түпкі шөгінділеріне сынама алынды. Мұнай өнімдері және металдардың (мыс, никель, хром (6+), марганец, қорғасын және мырыш) бар болуы талданды.

Көктем мезгілі

Жағалаулық станциялар Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,28-1,32 мг/кг, хром – 0,034-0,048 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,034-0,038%, мырыш – 1,42-1,54 мг/кг, никель – 1,32-1,44 мг/кг, қорғасын – 0,0045 мг/кг және мыс – 1,52-1,68 мг/кг шегінде болды.

Кен орындар Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,46-1,52 мг/кг, хром – 0,032-0,038 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,042-0,046%, мырыш – 0,38-0,42 мг/кг, никель – 1,32-1,44 мг/кг, мыс – 1,58-1,62 мг/кг және қорғасын – 0,0038-0,0044 мг/кг шегінде болды.

«ММГ» АҚ жағалауындағы бөген су айдыны Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,30-1,38 мг/кг, хром – 0,014-0,016 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,022-0,032%, мырыш – 0,22-0,24 мг/кг, никель – 1,12-1,22 мг/кг, қорғасын – 0,0032-0,0038 мг/кг және мыс – 1,20-1,26 мг/кг шегінде болды.

Орта және Оңтүстік Каспийдің (Адамтас шамшырағы) шекаралық аумағы Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,24-1,32 мг/кг, хром – 0,028-0,032 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,024-0,034%, мырыш – 0,32-0,38 мг/кг, никель – 1,28-1,34мг/кг, мыс – 1,28-1,32 мг/кг және қорғасын – 0,0022-0,0026 мг/кг шегінде болды.

Құрық к. ауданы Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,48-1,52 мг/кг, хром – 0,022-0,028 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,028-0,036%, мырыш – 0,36-0,42 мг/кг, никель – 1,34-1,36 мг/кг, қорғасын – 0,0032-0,0036 мг/кг және мыс – 1,3-1,38 мг/кг шегінде болды.

КараБогаз Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,28 мг/кг, хром – 0,038 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,034%, мырыш – 0,38 мг/кг, никель – 1,33мг/кг, қорғасын – 0,0026 мг/кг және мыс – 1,26мг/кг шегінде болды.

«**Ақтау теңіз порты**» АЭА айдынындағы 10 нүктелерінде теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мыстың бар болуы 1,48-1,82 мг/кг, марганец – 1,22-1,34 мг/кг, хром – 0,028-0,042мг/кг, мұнай өнімдері – 0,026-0,038%, қорғасын – 0,0024-0,0042 мг/кг, мырыш – 1,12-1,42 мг/кг, никель – 1,14-1,38 мг/кг шегінде болды.

Күз мезгілі

Жағалаулық станциялар Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мыстың бар болуы 1,5-1,56 мг/кг, марганец – 1,1-1,3 мг/кг, хром – 0,03-0,045 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,03-0,031%, мырыш – 1,35-1,54 мг/кг, никель – 1,25-1,35 мг/кг, қорғасын – 0,0039-0,0041 мг/кг шегінде болды.

Кен орындар Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мыстың бар болуы 1,5 мг/кг, марганец – 1,4-1,45 мг/кг, хром – 0,029-0,035 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,04-0,041 %, мырыш – 0,35 мг/кг, никель – 1,25-1,41 мг/кг және қорғасын – 0,004-0,0042 мг/кг шегінде болды.

«**ММГ**» **АҚ жағалауындағы бөген су айдыны** Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мыстың бар болуы 1,1-1,21 мг/кг, марганец – 1,2-1,32 мг/кг, хром – 0,011-0,015 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,02-0,031%, мырыш – 0,19-0,21мг/кг, никель – 1,11-1,19мг/кг, қорғасын – 0,003-0,0035 мг/кг шегінде болды.

Орта және Оңтүстік Каспийдің (Адамтас шамшырағы) шекаралық аумағы Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мыстың бар болуы 1,22-1,25 мг/кг, марганец – 1,2-1,31 мг/кг, хром – 0,028-0,031 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,022-0,04%, мырыш – 0,3-0,35 мг/кг, никель – 1,2-1,3 мг/кг және қорғасын – 0,0021-0,0025 мг/кг шегінде болды.

Құрық к. ауданы Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мыстың бар болуы 1,41-1,5 мг/кг, марганец – 1,2-1,34 мг/кг, хром – 0,021-0,025 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,025-0,031%, мырыш – 0,3-0,41 мг/кг, никель – 1,25-1,35 мг/кг, қорғасын – 0,0031-0,0035 мг/кг шегінде болды.

Кара Богаз Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мыстың бар болуы 1,25 мг/кг, марганец – 1,25 мг/кг, хром – 0,04 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,036%, мырыш – 0,4 мг/кг, никель – 1,4 мг/кг, қорғасын – 0,0021мг/кг шегінде болды.

«**Ақтау теңіз порты**» АЭА айдынындағы 10 нүктелерінде теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мыстың бар болуы 1,5-1,81 мг/кг, марганец – 1,1-1,31 мг/кг, хром – 0,02-0,04 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,02-0,035%, қорғасын – 0,0021-0,0035 мг/кг, мырыш – 1,1-1,32мг/кг, никель – 1,1-1,36 мг/кг шегінде болды.

11.10 Маңғыстау облысы

топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі

Көктем мезгілінде Ақтау қаласында «Каспий Ак» көлік салонының санитарлы қорғау аймағы аумағында, орталық жол аумағында, ЖЭС-1 Санитарлы-

қорғау аймағы аумағында, 26 мөлтек ауданындағы №14 мектеп аумағында және «Ақбота» саябағы аумақтарында алынған топырақ сынамасында кадмий, қорғасын, мырыш, мыс және хром концентрациялары 0,003 – 1,8 мг/кг шамасында болып, рұқсат етілген норма көлемінен аспады.

Күз мезгілінде Ақтау қаласында «Каспий Ак» көлік салонының санитарлы қорғау аймағы аумағында, орталық жол аумағында, ЖЭС-1 Санитарлы-қорғау аймағы аумағында, 26 мөлтек ауданындағы №14 мектеп аумағында және «Ақбота» саябағы аумақтарында кадмий, қорғасын, мырыш, мыс және хром шоғырлары 0,003 – 1,5 мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан аспады.

Көктем мезгілінде Бейнеу кентінде «Жібекжолы» ЖШС аумағында, орталық жол («Айко» ЖҚС), Алтынсарин атындағы № 2 мектеп, «БекетАта» мешіті және №1 жол айрығы аудандарында кадмий, қорғасын, мырыш, мыс және хром концентрациясы 0,0028 – 1,46 мг/кг шамасында болып, рұқсат етілген нормадан аспады.

Күз мезгілінде Бейнеу кентінде «Жібекжолы» ЖШС аумағында, орталық жол («Айко» ЖҚС), Алтынсарин атындағы № 2 мектеп, «Бекет Ата» мешіті және №1 жол айрығы аудандарында кадмий, қорғасын, мырыш, мыс және хром шоғырлары 0,0028 – 1,3 мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан аспады.

Көктем мезгілінде Жанаөзен қаласында алынған топырақ сынамасы спорткешен ауданы, №7 мектеп, мұнайшылар МҮ, «Аден» дүкені және «Бұрғылау» ЖШС аудандарында кадмий, қорғасын, мырыш, мыс және хрома концентрациясы 0,0052 – 1,52 мг/кг шамасында болып рұқсат етілген нормадан аспады.

Күз мезгілінде Жанаөзен қаласында спорткешені ауданында, №7 мектеп, мұнайшылар МҮ, «Аден» дүкені және «Бұрғылау» ЖШС аудандарында кадмий, қорғасын, мырыш, мыс және хрома шоғырлары 0,004 – 1,35 мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан аспады.

Көктем мезгілінде Форт – Шевченко қаласында алынған топырақ сынамасы Мыңбаев атындағы мектеп ауданы, бұрынғы саябақ («Ая» кафесі), орталық жол, «Достық» қонақ үйі және Аджип ККО компаниясы (Қазақстан НортКаспианОперейтинг Компаниясы) ауанында мыс, кадмий, қорғасын, мырыш және хрома концентрациялары 0,0034 – 1,58 мг/кг шамасында болып, рұқсат етілген нормадан аспады.

Күз мезгілінде Форт – Шевченко қаласында Мыңбаев атындағы мектеп ауданы, бұрынғы саябақ («Ая» кафесі), орталық жол, «Достық» қонақ үйі және Аджип ККО компаниясы (Қазақстан НортКаспианОперейтинг Компаниясы) ауанында мыс, кадмий, қорғасын, мырыш және хрома шоғырлары 0,004 – 1,29 мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан аспады.

Көктем мезгілінде Қошқар-Ата қалдық сақтау қоймасы ауданында алынған топырақ сынамасындағы қорғасын, кадмий, мыс, хром және мырыш 0,022-1,64 мг/кг шамасында болды және рұқсат етілген нормадан аспады.

Күз мезгілінде Қошқар-Ата қалдық сақтау қоймасы ауданында қорғасын, кадмий, мыс, хром және мырыш шоғырлары 0,01 – 1,19 мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан аспады.

Көктем мезгілінде Дунга (3 нүкте), Жетібай (3 нүкте) кен орындарымұнай өнімдерінің шоғыры 0,003-1,64 % шегінде болды, хромның (6+), марганецтің, қорғасынның, мырыштың, никелдің, мыстың бар болуы жол берілген нормадан аспады.

Күз мезгілінде Дунга (3 нүкте), Жетібай (3 нүкте) кен орындарында түрлі аудандардан нүктелерден алынған топырақ сынамаларында қорғасын құрамы 0,005-0,006 мг/кг, мырыш – 0,3-0,31 мг/кг, мыс – 1,51-1,62 мг/кг, хром – 0,021-0,03 мг/кг, марганец – 1,5 мг/кг, мұнайөнімдері – 0,027-0,032 мг/кг, никель – 1,11-1,5 мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан аспады.

Көктем мезгілінде Қаражанбас және Арманкен орындарындамұнай өнімдерінің шоғыры 0,028 - 0,032 % шегінде болды, хромның (6+), марганецтің, қорғасынның, мырыштың, никелдің, мыстың бар болуы жол берілген нормадан аспады.

Күз мезгіліндеҚаражанбас (1 нүкте), Арман (1 нүкте) кен орындарында түрлі аудандардан нүктелерден алынған топырақ сынамаларында қорғасын құрамы 0,005-0,008 мг/кг, мырыш – 0,35 мг/кг, мыс – 1,5 мг/кг, хром – 0,025-0,028 мг/кг, марганец – 1,2-1,3 мг/кг, мұнайөнімдері – 0,025-0,035 мг/кг, никель – 1,0-1,15мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан аспады.

Көктем мезгілінде Морпорт аумағындағы барлық нүктелерде мұнай өнімдерінің шоғырлары 0,028 -0,044% жетті. Барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан асқан жоқ.

Анықталатын заттардың құрамы топырақ үшін бекітілген шекті жол берілген шоғырлар (ШЖШ) мәнімен салыстырылды (4 - қосымша).

Күз мезгіліндеМорпорт аумағындағы барлық нүктелерде мұнай өнімдерінің шоғырлары 0,01 -0,025% жетті. Барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан асқан жоқ.

Анықталатын заттардың құрамы топырақ үшін бекітілген шекті жол берілген шоғырлар (ШЖШ) мәнімен салыстырылды.

11.11 Маңғыстау облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 4 метеорологиялық стансада (Ақтау, Форт-Шевченко, Жаңаөзен, Бейнеу), Қошқар- Ата қалдық орнында және атмосфералық ауаның ластануына бақылау Жаңаөзен қаласының (*№1, №2 ЛББ*)автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі(11.5 сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,02-0,27 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

11.12 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Маңғыстау облысының аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Ақтау, Форт-Шевченко, Жаңаөзен) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (11.5 сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,7-3,6 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,2 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



11.5 сур. Маңғыстау облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

12 Павлодар облысының қоршаған орта жай-күйі

12.1 Павлодар қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 6 стационарлық бекетте жүргізілді (12.1-сур., 12.1-кесте).

12.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	<i>Камзин мен Чкалов көшелерінің қиылысы</i>	Қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртсутегі, фенол,хлор, хлорлы сутегі
2			<i>Айманов көшесі, 26</i>	
3	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	<i>Ломов көшесі</i>	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон(жербеті), күкіртсутегі
4			<i>Қазправда көшесі</i>	қалқыма бөлшектер , күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртсутегі
5			Естай көшесі, 54	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), аммиак
6			Затон көшесі,39	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, озон(жергілікті).
7			Торайғыров-Дүйсенов көшесі	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), аммиак

**Павлодар қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың
максималды шоғырлары**

Анықталатын қоспалар	q_mмг/м³	q_m/ПЖШ
Амиак	0,0011	0,006
Формальдегид	0	0
Фтор сутегі	0,001	0,05
Бензин	6,022	1,2
Бензол	0,0985	0,33
Этилбензол	0,0508	2,5


12.3 Екібастұз қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (12.2-сур., 12.3-кесте).

12.3 - кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	8 ш-а, Беркембаев және Сәтбаев көшелері	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мәшқұр Жүсіп көшесі, 118/1	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртсутегі



12.2-сур. Екібастұз қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (12.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды. АЛИ=7 (жоғарғы деңгей) құрады. СИ=6(жоғары деңгей), ЕЖҚ=2% (көтеріңкі деңгей).

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

Қалқыма бөлшектер (шаң) орташа шоғырлары 1,1 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) максималды-бірлік шоғырлары – 6,0 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,3 ШЖШ_{м.б.}, күкірттісутегі – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


12.4 Ақсу қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (12.3-сур., 12.4-кесте).

12.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Әуезов көшесі, 4 «Г»	қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртсутегі



12.3 сур. Ақсу қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (12.3-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды. АЛИ=5 (көтеріңкі деңгей) құрады. СИ=3 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) (1,2-сур.).

*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Көміртегі оксиді максималды-бірлік шоғырлары - 3,0 ШЖШ_{м.б.} құрады, азот диоксиді – 1,5 ШЖШ_{м.б.}, күкірттісутегі – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

12.5 Павлодар облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашымның химиялық құрамына бақылау 3 метеостанцияларда (Ертіс, Павлодар, Екібастұз) алынған жаңбыр суына сынама алумен (12.4-сурет) жүргізілді.

Жауын-шашым құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Жауын-шашым сынамаларында гидрокарбонаттар 48,99 %, сульфаттар 28,08 %, кальций иондары 12,2 %, хлоридтер 17,61%, натрий иондары 11,9 % болды, магний иондары 5,67 % болды, калий иондары 4,72 % болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Ертіс МС – 54,36 мг/л, ең азы Екібастұз МС – 28,07 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашымның үлесті электрөткізгіштігі 38,64 мкСм/см-ден (Екібастұз МС) 84,12 мкСм/см (Павлодар МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашым қышқылдылығы сілтісі аз және нейтралды сипатта, 6,08 (Екібастұз МС) – 6,5 (Ертіс МС) аралығында болды.

12.6 Павлодар облысы бойынша 2017-2018 жж. арналған қар жамылғысының химиялық құрамы

Қар жамылғысының химиялық құрамына бақылау 3 метеостанцияда (Ертіс, Павлодар, Екібастұз) (12.4 сур.) жүргізілді.

Қар жамылғысы құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Қар жамылғысы сынамаларында сульфаттар 35,2%, гидрокарбонаттар 23,5 %, кальций иондары 12,3 %, хлоридтер 11,03 %, натрий иондары 6,6 %, магний иондары 4,1 % және калий иондары 2,7 % басым болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Ертіс МС – 69,4 мг/л, ең азы Екібастұз МС – 45,8 мг/л белгіленді.

Қар жамылғысының үлесті электр өткізгіштігі 77,9 мкСм/см-ден (Екібастұз МС) 118,7 мкСм/см (Ертіс МС) дейінгі шекте болды.

Түскен қар сынамаларындағы қышқылдық және сілтісі аз сипатта болып, 5,7 (Павлодар МС) – 6,2 (Ертіс МС) аралығында болды.



12.4 сур. Павлодар облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

12.7 Павлодар облысының жер үсті су сапасы

Павлодар облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 5 су нысанында жүргізілді (Ертіс, Усолка өзендері, Жасыбай, Сабындыкөл, Торайғыр көлдері).

Ертіс өзені - судың температурасы 0,1-25°C шегінде, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 8,10, суда еріген оттегінің шоғыры орта есеппен 11,02 мг/дм³, ОБТ₅ орта есеппен 1,79 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) 1,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Усолка өзені - судың температурасы 0,1-22°C шегінде, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 8,37, суда еріген оттегінің шоғыры орта есеппен 9,22 мг/дм³, ОБТ₅ орта есеппен 1,70 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) 1,6 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.


Жасыбай көлі - судың температурасы 19-25,8°C шегінде, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 9,18, суда еріген оттегінің шоғыры орта есеппен 9,11 мг/дм³, ОБТ₅ орта есеппен 1,28 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 1,1 ШЖШ, магний 1,3 ШЖШ, натрий 1,8 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер 3,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Сабындыкөл көлі - судың температурасы 18-24°C шегінде, сутегі көрсеткіштің орташа мәні 9,06, суда еріген оттегінің шоғыры орта есеппен 9,29 мг/дм³, ОБТ₅ орта есеппен 1,38 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 1,2 ШЖШ, магний 1,4 ШЖШ, натрий 1,3 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер 2,9 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Торайғыр көлі - судың температурасы орта есеппен 22,1 °C, сутектік көрсеткіштің орташа мәні 9,39, суда еріген оттегінің шоғыры орта есеппен 9,57 мг/дм³, ОБТ₅ орта есеппен 1,49 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 1,6 ШЖШ, натрий 4,1 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер 2,8 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Павлодар облысы аумағындағы Ертіс, Усолка өзендері, Жасыбай, Сабындыкөл, Торайғыр көлдерінің су сапасы *«ластанудың орташа деңгейінде»* деп бағаланады.

2017 жылмен салыстырғанда Ертіс, Усолка өзендерінің, Жасыбай, Сабындыкөл көлдерінің су сапасы айтарлықтай өзгермеген (4-кесте).



12.5 сур. Павлодар облысы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

12.8 Павлодар облысы топырағының ауыр металдармен ластану жай-күйі

Көктем мезгілінде Павлодар қаласындағы түрлі аудандардан алынған топырақ сынамасында хром концентрациясы 0,2-1,36 мг/кг, қорғасын 8,23-27,2 мг/кг, мырыш – 14,1-18,4 мг/кг, мыс – 0,4-2,9 мг/кг, кадмий – 0,1-0,34 мг/кг шамасында болды.

Кутузов пен Торайғыров көшесі қиылысында, Павлодар химиялықмұнай зауытының санитарлы-қорғау зонасы ауданында,Чокин, Бектұров және Дүйсенов көшелерінің қиылысында, Естай мен Карл Маркс көшелері қиылысы, "Алюминий Казахстана" АҚ СҚЗ ауданы қиылысындағы гүл-бақ аумағында барлық анықталатын ауыр металдардың шоғыры ШЖШ-тан аспады.

Күз мезгілінде Павлодар қаласындағы түрлі аудандардан алынған топырақ сынамаларында хром концентрациясы 0,48-0,88 мг/кг, свинец 11,53-22,6 мг/кг, цинк – 6,9-25,4 мг/кг, медь – 0,37-3,89 мг/кг, кадмий – 0,12-0,40 мг/кг шамасында болды.

Кутузов пен Торайғыров көшесі қиылысында, Павлодар химиялықмұнай зауытының санитарлы-қорғау зонасы ауданында,Чокин, Бектұров және Дүйсенов көшелерінің қиылысында, Естай мен Карл Маркс көшелері қиылысы ауданы қиылысындағы гүл-бақ аумағындабарлық анықталатын ауыр металдардың шоғыры ШЖШ-тан аспады.

Цинк концентрациясының нормадан асуы:

- "Алюминий Казахстана" АҚ санитарлы-қорғау зонасы ауданында -1,1 ШЖШ;

Медь концентрациясының нормадан асуы:

- "Алюминий Казахстана" АҚ санитарлы-қорғау зонасы ауданында -1,3 ШЖШ;

Көктем мезгілінде Ақсу қаласының түрлі аудандарынан алынған топырақ сынамаларында хром концентрациясы 0,48-1,2 мг/кг, қорғасын - 10,0-13,3 мг/кг, мырыш – 11,8-14,2 мг/кг, кадмий – 0,1-0,15 мг/кг және мыс – 0,4-1,3 мг/кг шамасында болды.

Ферроқорыту зауытының санитарлы-қорғау зонасы, Абай-Ертіс көшелері қиылысы, «Skifs» орталық сауда үйі аумақтарында барлық анықталатын ауыр металдар құрамының нормадан аспады.

Күз мезгілінде Ақсу қаласының түрлі аудандарынан алынған топырақ сынамаларында хром концентрациясы 0,7-1,73 мг/кг, свинец – 14,7-19,5 мг/кг, цинк – 12,9-18,4 мг/кг, медь – 0,79-1,16 мг/кг, кадмий – 0,2-0,26 мг/кг шамасында болды.

Ферроқорыту зауытының санитарлы-қорғау зонасы, Абай-Ертіс көшелері қиылысы, «Skifs» орталық сауда үйі аумақтарында барлық анықталатын ауыр металдар құрамының нормадан аспады.

12.9 Павлодар облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 7 метеорологиялық стансада (Ақтоғай, Баянауыл, Ертіс, Павлодар, Шарбақты, Екібастұз, Көктөбе) және атмосфералық ауаның ластануына бақылау Павлодар қаласының (№3, №4 ЛББ), Ақсу қаласының (№1 ЛББ), Екібастұз қаласының (№1 ЛББ) 4 автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі (12.6 сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,08-0,22 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

12.10 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Павлодар облысының аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Ертіс, Павлодар, Екібастұз) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (12.6-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,0-4,5 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,2 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



12.6 сур. Павлодар облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

13 Солтүстік Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі


13.1 Петропавл қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (13.1-сур., 13.1-кесте).

13.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Ш. Уалиханов көшесі, 17	қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид
3			Букетов көшесі, 16, Казахстанская правда көшесімен қиылысы	
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Парковая көшесі, 57А	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкірттісутегі, аммиак, көміртегі диоксиді
6			Юбилейная көшесі	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкірттісутегі, көмірсутегісінің сомасы, аммиак, метан



13.1 сур. Петропавл қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (13.1 сур.) атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, ол АЛИ=7 (жоғарғы деңгей), СИ=6 (жоғары деңгейі) және ЕЖҚ=4 (көтеріңкі деңгейі) құрады (1, 2-сур.).

Қаланың ауасы күкіртті сутегімен ластанған (№5 бекеттің ауданында).

Максималды-бірлік шоғырлары: РМ-2,5 қалқыма бөлшектер – 1,6 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектер – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 2,1 ШЖШ_{м.б.}, озон – 3,1 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 5,6 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 2,1 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

13.2 Солтүстік Қазақстан обласы аумағында эпизодтық деректер бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Солтүстік Қазақстан облысында ауаның ластануына бақылау Тайынша, Саумалкөл, Булаева кенттері және Бескөл ауылында (№1 нүкте-Тайынша к. (Тайынша ауданы), №2 нүкте-Саумалкөл к. (Айыртау ауданы), №3 нүкте-Булаева к. (М. Жұмабаев ауданы), №4 нүкте-Бескөл а. (Қызылжар ауданы) жүргізілді. Қалқыма заттардың, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің шоғырлары өлшенді.

Барлық қалқыма заттардың, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің шоғырлары бақылау деректері бойынша шекті жол берілген шоғырдан аспады (13.2 кесте).

13.2-кесте

Солтүстік Қазақстан облысы аудандарының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың шоғырлары

Ластаушы заттар	Сынама нүктелері							
	№1		№2		№3		№4	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма заттар (шаң)	0,115	0,23	0,116	0,232	0,168	0,336	0,358	0,716
Күкірт диоксиді	0,285	0,57	0,034	0,068	0,057	0,114	1,22	2,44
Көміртегі оксиді	4,04	0,808	3,55	0,71	4,52	0,904	4,61	0,922
Азот диоксиді	0,005	0,025	0,003	0,015	0,003	0,015	0,005	0,025

13.3 Солтүстік Қазақстан облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау Петропавл метеостанциясында алынған жаңбыр суына сынама алумен (13.2-сурет) жүргізілді.

Петропавл МС жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары кадмийді қоспағанда, шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ)аспады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 29,0 %, сульфаттар 22,5 %, хлоридтер 16,9 %, натрий иондары 10,0 %, калий иондары 4,2 %,кальций иондары 9,2 %, магний иондары 5,6% болды.

Жалпы минерализация 44,38 мг/л, электрөткізгіштік –74,6 мкСм/см құрады.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы сілтiсi аз сипатта болды (6,4).

13.4 Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 2017-2018 жж. арналған қар жамылғысының химиялық құрамы

Қар жамылғысының химиялық құрамына бақылау Петропавл метеостанциясында (13.2-сурет) жүргізілді.

Петропавл МС қар жамылғысы құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Қар жамылғысы сынамаларында сульфаттар 18,5 %, гидрокарбонаттар 37,7%, хлоридтер 9,7 %, кальций иондары 13,4 %, нитраттар 8,1 % және натрий иондары 6,0 % басым болды.

Жалпы минерализация көлемі 40,58 мг/л, үлесті электр өткізгіштігі - 61,7 мкСм/см болды.

Түскен қар сынамаларындағы қышқылдық қышқыл ортаның сипатта болды (5,88).



13.4 сур. Солтүстік Қазақстан облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы


13.5 Солтүстік Қазақстан аумағындағы жер үсті су сапасы

Солтүстік Қазақстан облысының аумағында жер үсті суларының ластануына бақылау Есіл өзенінде және Сергеевское су қоймасында жүргізілді.

Есіл өзенінде су температурасы 0,2 – 22,8 °С шегінде болды, сутегі көрсеткішінің орташа мәні – 7,61, суда еріген оттегінің концентрациясы – 10,22 мг/дм³ құрады, ОБТ₅ – 1,91 мг/дм³. Негізгі иондар тобынан (сульфаттар – 1,2 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 1,8 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 2,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асу жағдайлары тіркелді.

Сергеевское су қоймасында су температурасы 0,2 – 22,0 °С шегінде болды, сутегі көрсеткіші 7,64, суда еріген оттегінің концентрациясы 9,90 мг/дм³, ОБТ₅ - 2,08 мг/дм³. Биогенді заттар тобынан (жалпы темір – 1,3 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)– 2,5 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар – 1,4 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асу жағдайлары байқалды.

Есіл өзені мен Сергеевское су қоймасының су сапасы «ластанудың орташа деңгейінде» деп бағаланады. 2017 жылмен салыстырғанда Есіл өзенінің және Сергеевское су қоймасының су сапасы айтарлықтай өзгерген жоқ (4-кесте).



13.5 сур. Солтүстік Қазақстан облысы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

13.6 Солтүстік Қазақстан облысы бойынша топырақтың жай-күйі

Көктем мезгілінде Петропавл қаласында түрлі аудандардан алынған топырақмыс концентрациясы 1,01-6,95ШЖШ, қорғасын – 0,51-0,93ШЖШ, мырыш – 0,01ШЖШ, хром -0,07-0,18ШЖШ және кадмий – 0,37-0,97ШЖШ шамасында болды.

Барлық нүктелерде: "Киров" зауыт ауданында - 6,95 ШЖШ, №4 мектеп ауданында - 5,56, Парк аумағында -4,59 ШЖШ, Мир және Интернационал көшелердің қиылысында -3,77 ШЖШ мыс концентрациясы рұқсат етілген норма шамадан асты.

Күз мезгілінде Петропавл қаласында түрлі аудандардан алынған топырақ сынамаларында мыс құрамы 3,84 - 14,7 мг/кг, қорғасын – 10,33 - 29,4 мг/кг, мырыш – 2,7 - 5,9 мг/кг, хром – 4,9 - 11,4 мг/кг, кадмий – 0,27 - 1,16 мг/кг шамасында болды.

«Киров» зауыты ауданында топырақ сынамаларында мыстың құрамы 2,8 ШЖК деңгейінде болды.

ЖЭС-2 ауданында топырақ сынамаларында кадмий бойынша 2,3 ШЖШ және мыс – 4,9 ШЖШ, хром – 1,9 ШЖШ артуы анықталды.

№ 4 мектеп ауданында топырақ сынамасының мыстан 1,3 ШЖШ артуы анықталды.

Мир және Интернациональный көшелерінің қиылысында топырақ сынамаларында хром бойынша 1,7 ШЖШ, мыс – 2,8 ШЖШ және кадмий бойынша 1,1 ШЖШ ШЖШ артуы анықталды.

Саябақ аймағы ауданында топырақ сынамаларында мыстан 2,3 ШЖШ артуы анықталды.

13.7 Солтүстік Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық стансада (Булаево, Петропавл, Сергеевка) бақылау жүргізіледі (13.8 сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,09-0,18 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

13.8 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Солтүстік Қазақстан облысының аумағында 2 метеорологиялық станцияда (Петропавл, Сергеевка) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (13.8 сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,6-3,9 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,2 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



13.8 сур. Солтүстік Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

14 Түркістан облысының қоршаған орта жай-күйі

14.1 Шымкент қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 6 стационарлық бекетте жүргізілді (14.1-сур., 14.1-кесте).

14.1 - кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет №	Алу мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекеттердің мекен-жайы	Анықталатын шоғырлар
1	Тәулігіне 3 рет	Сынаманы қолмен алу (дискреттік әдіс)	Абай даңғылы «Южполиметалл» АҚ	Қалқыма бөлшектер (шаң), күркіртдиоксиді, көміртегіоксиді, азот диоксиді, формальдегид №1,2 ЛББ-де кадмий, мыс, күшәла, қорғасын, хром
2			Ордабасы алаңы, Қазыбек би көшесі мен Төле би көшесінің қиылысы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күркірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, формальдегид №1,2 ЛББ-де кадмий, мыс, күшәла, қорғасын, хром
3			Алдиярова көшесі, «Шымкентцемент» АҚ нөмірсіз үй	Қалқыма бөлшектер (шаң), күркірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, формальдегид, күкіртсутегі
8			Сайрам көшесі 198, ЖАҚ «Сыразауыты»	Қалқыма бөлшектер (шаң), күркірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, формальдегид, күкіртсутегі, аммиак
5				Қалқыма бөлшектер PM _{2,5} Қалқыма бөлшектер PM ₁₀

	Әр 20 минут сайын	Үзіліссіз режимде	Самал-3 шағынауданы	аммиак, азота диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, озон (жербеті)
6			«Нұрсат» шағынауданы	Қалқыма бөлшектер PM _{2,5} Қалқыма бөлшектер PM ₁₀ көміртегі оксиді, озон (жербеті)



14.1-сурет. Шымкент қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (14.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, ол АЛИ=5 анықталды, СИ= 4 (көтеріңкі деңгей) қалқыма бөлшектер PM_{2,5} бойынша № 5 бекет аумағында («Самал -3» шағын ауданы) және № 6 бекет аумағында («Нұрсат» шағын ауданында), ЕЖҚ = 11% (көтеріңкі деңгей) (1,2 сур.) № 6 бекет аумағында («Нұрсат» шағын ауданы) озон (жербеті) бойынша анықталды.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) орташа шоғыры – 1,9 ШЖШ_{о.т.}, PM-2,5 қалқыма бөлшектер – 1,4 ШЖШ_{о.т.}, азот диоксиді – 1,9 ШЖШ_{о.т.}, озон (жербеті) – 2,5 ШЖШ_{о.т.}, формальдегид – 2,5 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттардың ШЖШ - дан аспады.

PM-2,5 қалқыма бөлшектердің бір реттік максималды шоғыры – 3,8 ШЖШ_{м.б.}, PM-10 қалқыма бөлшектер – 3,2 ШЖШ_{м.б.}, қалқыма бөлшектердің (шаң) – 1,8 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 3,6 ШЖШ_{м.б.}, озон (жербеті) – 3,3 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 3,3 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғыры ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


14.2 Түркістан қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (14.2-сур., 14.2 - кесте).

14.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Бекзат ш-а, 5 орам, 2 көше, Метеостанса аумағында	қалқыма бөлшектер, күкіртдиоксиді,көміртегіоксиді, диоксид және азот оксиді, күкіртсутегі



14.2-сурет. Түркістан қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (14.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** деп бағаланды, ол АЛИ=5 (төменгі деңгей), СИ=4 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=7%(көтеріңкі деңгей) күкіртсутегіден анықталды.

Ластаушы заттардың орташа шоғыры ШЖШ –дан аспады.


Күкіртсутегінің максималды бір реттік шоғыры 4,4 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді –2,9 ШЖШ_{м.б.}, қалқыма бөлшектер – 1,98 ШЖШ_{м.б.}, күкіртдиоксиді – 1,5 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді– 1,1 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластауыш заттардың шоғыры ШЖШ-дан аспады (кесте 1).

14.3 Кентау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (14.3-сур., 14.3-кесте).

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Уалиханов көшесі, 3 «А» учаскесі	көміртегі оксиді, озон (жербеті), диоксид және азот оксиді, аммиак



14.3-сурет. Кентау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (14.3 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі деңгейі **көтеріңкі** деп бағаланды, ол АЛИ=5 (көтеріңкі деңгей) анықталды, СИ = 4 (көтеріңкі деңгей), ЕЖҚ = 5 % (көтеріңкі деңгей) көміртегі оксиді бойынша (сурет. 1, 2).

Озонның (жербеті) орташа шоғыры 1,7 ШЖШ_{о.т.} құрады.

Көміртегі оксидінің максималды бір реттік шоғыры 3,9 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді - 3,8 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 1,7 ШЖШ_{м.б.}, аммиак 2,8 ШЖШ_{м.б.}, озон (жербеті) – 1,6 ШЖШ_{м.б.}, құрады (кесте 1).

14.4 Түркістан облысы Тассай ауылы аумағындағы эпизодтық деректер бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Ауаның ластануына бақылау Түркістан облысы Тассай ауылы аймағының 2 нүктесінде (*№1 нүкте – Тұрғын алабы, №2 нүкте – Санитариялық қорғау аймағы*) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектердің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Қалқыма бөлшектердің максималды бір реттік шоғыры №1 нүктеде 1,2 ШЖШ_{м.б.}, №2 нүктеде 1,6 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді №1 нүктеде 1,0 ШЖШ_{м.б.}, №2 нүктеде 1,2 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді №1 және №2 нүктелерде 1,25 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластауыш заттардың концентрациясы ШЖШ-дан аспады (кесте14.4).

14.4-кесте

Түркістан облысы Тассай ауылының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғырлары

Анықталатын қоспалар	Сынама нүктелері			
	№1		№2	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектер	0,6	1,2	0,8	1,6
Күкірт диоксиді	0,018	0,04	0,021	0,04
Көміртегі оксиді	5,0	1,0	6,0	1,2
Азот диоксиді	0,25	1,25	0,25	1,25
Формальдегид	0,042	0,84	0,040	0,8

14.5 Түркістан облысы Састөбе ауылы аумағындағы эпизодтық деректер бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Ауаның ластануына бақылау Түркістан облысы Састөбе ауылы аймағының 2 нүктесінде (№1 нүкте – тұрғын үй аумағы, №2 нүкте – Санитарлық қорғалатын аймақ – «СастөбеЦемент» ЖШС көздерінен 0,5 км) жүргізілді. Өлшенген бөлшектердің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Көміртегі оксиді мен өлшенген бөлшектердің максималды бір реттік шоғыры №1 нүктеде 1,2 ШЖШ_{м.б.} көрсетті, №2 нүктеде көміртегі оксиді мен өлшенген бөлшектер - 1,0 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластауыш заттардың концентрациясы ШЖШ-дан аспады (кесте14.4).

14.4-кесте.

Түркістан облысы Састөбе ауылының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғырлары

Анықталатын қоспалар	Сынама нүктелері			
	№1		№2	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Өлшенген бөлшектер	0,6	1,20	0,5	1,0
Күкірт диоксиді	0,020	0,04	0,20	0,04
Көміртегі оксиді	6	1,2	5	1,0
Азот диоксиді	0,17	0,85	0,16	0,80

Формальдегид	0,041	0,82	0,042	0,84
--------------	-------	------	-------	------

14.6 Оңтүстік Қазақстан облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 2 метеостанцияларда (Қазығұрт, Шымкент) алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді (14.4 сур.).

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті рұқсат етілген шоғырлардан(ШЖШ) аспады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 49,2%, сульфаттар 17,59%, кальций иондары 16,54%, натрий иондары 2,36 %, хлоридтер 3,56% болды.

Ең үлкен жалпы минералдылығы Қазығұрт МС –60,02 мг/л, ең азы Шымкент МС – 56,07 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электрөткізгіштігі Қазығұрт МС – 86,3 мкСм/см, Шымкент МС – 88,05 мкСм/см болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы қышқылдық орта сипаттын көрсетіп, 6,6 (Шымкент МС) – 6,5 (Қазығұрт МС) аралығында болды.

14.7 Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша 2017-2018 жж.арналған қар жамылғысының химиялық құрамы


Қар жамылғысының химиялық құрамына бақылау Шымкент метеостанциясында жүргізілді (сур.14.4).

Қар жамылғысының құрамындағы барлық анықталатын ластаушы заттардың концентрациясы рұқсат етілген шекті концентрациясынан (ШРК) аспайды.

Қар жамылғысының құрамындағы гидрокарбонаттар 15,13%, аммиактар 12,86 %, хлоридтер-5,63%, кальций иондарының 6,47 %, сульфаттар 46,7 % және натрий иондары 4,91 % анықталды.

Жалпы минерализация– 37,86 мг/л, үлесті электрөткізгіштігі– 69,6 мкСм/см құрады.

Түскен қар сынамаларындағы қышқылдық сілтісі нейтралды сипатта болды (5,97).



14.4 сур. Оңтүстік Қазақстан облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

14.8 Түркістан Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Түркістан облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 8 су нысанында (Сырдария, Келес, Бадам, Арыс, Ақсу, Бөген, Катта-бугун өзендері және Шардара су қоймасы) жүргізілді.

Сырдария өзенінде судың температурасы $0,6^{\circ}\text{C}$ – $29,0^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 8,03, суда еріген оттегінің шоғыры орта есеппен $10,35 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 орта есеппен $1,88 \text{ мг/дм}^3$. Негізгі иондар (сульфаттар 5,1 ШЖШ, магний 1,5 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот 2,6 ШЖШ), ауыр металдар (мыс 1,3 ШЖШ) және органикалық заттар (фенолдар 2,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

